## **2 Ақжал кенішінің «Штрек» тау-кен қазбасын өту жұмыстарының оңтайландыру**

### **2.1 Ақжал кенішінде жерасты тау-кен қазбаларын жүргізу жұмыстарының технологиялық және техникалық ерекшеліктері зерттеу**

Тау-кен дайындық жұмыстарына: тазарту жұмыстарын қауіпсіз жағдайда жүргізуді қамтамасыз ететін тау-кен қазбалары кешенін жүргізу кіреді.

Қабылданған кен өндіру жүйесіне сәйкес, жерасты дайындық жұмыстарына қабатарда көлік түсу жолдарын, бұрғылау-жүктеу штректерін, тілме өрлемелер жүргізу кіреді [3, 4].

Тау-кен дайындық қазбаларды бекіту кеніште қолданыстағы бекіту нұсқаулығына сәйкес жүргізіледі.

Қазбалардың табанының белгілері мен жоспардағы орналасуы кен денесінің нақты орнына сәйкес геологиялық-маркшейдрлік қызмет тарапынан нақтыланады.

Горизонталь қазбаларды жүргізуде дизельдік жүрістегі өздігінен жүретін жабдықтар кешені қолданылады: шпурларды бұрғылау үшін — Sandvik DD210 типті бұрғылау машиналары, ал уатылған тау жынысын жеткізу үшін — Sandvik TH типті автосамосвалдар. Өткел забойларын желдету үшін диаметрі 630-800 мм желдеткіш жеңдерімен жабдықталған ВМЭ-6, ВМЭ-8 жергілікті желдеткіштері пайдаланылады [3-5].

«Ақжал» кенішінде қазбаларды жүргізу жұмыстарына озық технология мен техниканы қолдану тәжірибесіне және рудниктің Техникалық бөлімі берген жазық қазбаларды жүргізу қарқыны туралы анықтамаға сәйкес келесі жүргізу қарқындары қабылданды:

- жазық қазбалар – бір забоймен айына 120 ж.метр/ай, ал екі забоймен – 150 ж.м/ай;

- өрлеме қазбалар – 35 м/ай.

Жазық және көлбеу тау-кен қазбаларын бұрғылау жару жұмыстарының көмегімен тау-кен қазбаларын өту жұмыстарын орындалады. Өту жұмыстары Boomer 281 бұрғылау кешені, Sandvik LH 307 типті тиіп-тасымалдау машиналары, көпфункционалды тасымалдау КАМА UUT-18 машиналары қолданылады [4, 5].

Қазбаларды желдету жұмыстарына ВМЭ-2 жергілікті желдету қоңдырғысы қолданылады. Дайындық және тілме тау-кен қазбаларын өту жұмыстары барысында қолданылатын техникалық жабдықтар 2.1 – кестеде келтірілген.

Тау-кен жұмыстарының жоспарындағы тау-кен өту жұмыстарында  $1 \text{ м}^3$  тау-кен массасын арналған материалдар шығыс нормалары тау-кен кәсіпорынның ұқсас жұмыс режиміне келетін «Жобалаудың техникалық нормалары» талаптар бойынша қабылданады және 2.2- кестеде келтіріп өтілген.

Кесте 2.1– Тау-кен дайындық және тілме жұмыстарына қолданылатын технологиялық жабдықтар тізімі

| Көрсеткіштер                         | Атауы                 | Мөлшері, дана |
|--------------------------------------|-----------------------|---------------|
| Шпурларды бұрғылау кешені            | Sandvik DD 210        | 5             |
| Тау-кен массасын тиеу                | Sandvik LH 307        | 4             |
| Автосамосвал                         | Sandvik TH315         | 4             |
| Перфоратор                           | ПП-63В<br>ПП-48А      | 8             |
| Зарядтаушы қондырғылар               | УЗП-2<br>ЗП-2         | 4             |
| Торкрет-пушка                        | СБ-67                 | 2             |
| Компрессор                           | ДЭН-110ШМ             | 6             |
| Желдеткіш                            | ВМЭ-2 (1)-08В         | 8             |
| Көпфункционалдық тасымалдау машинасы | КАМА УУТ-18           | 4             |
| Жұмысшаларды тасымалдау машиналары   | УАЗ<br>КАМА UK-6BRU18 | 8             |

Кесте 2.2 – 1м<sup>3</sup> тау-кен өту жұмыстарына кететін материалдар шығыны

| Материалдар атауы                             | Өлшем бірлігі | Меншікті шығыны |
|---|---------------|-----------------|
| Ріохам  | кг            | 2,31            |
| Нитронит П-32                                 | кг            | 0,46            |
| ДШЭ-12 детанациялық шнуры                     | м             | 0,12            |
| Электродетонаторлар                           | дана          | 0,05            |
| ИСКРА НЭСИ-С-10 м                             | дана          | 1,14            |
| Бұрғылау коронкасы                            | дана          | 0,023           |
| Бұрғылау штангасы                             | дана          | 0,004           |
| Анкер   | комплект      | 0,3             |
| Икемді құбыр d=800 мм                         | м             | 0,06            |
| Суға арналған құбыр d=102x5 мм                | м             | 0,01            |
| Қысылған ауаға арналған құбыр d=25 мм         | м             | 0,01            |
| Суға арналған резиналық қолша (құбыр) d=50 мм | м             | 0,01            |

## 2.2 Бұрғылау жару жұмыстарына тиімділігіне әсер ететін факторларды саралау жұмыстары

Қазіргі уақытта жерасты тау-кен қазбаларын жүргізу кезінде жарылыс жұмыстарының тиімділігінің негізгі көрсеткіштерінің бірі ретінде шпурды пайдалану коэффициенті есептеледі. Бұл коэффициент жарылыстан кейінгі забойдың ілгерілеу шамасының бұрғыланған шпур тереңдігіне қатынасын көрсетеді [48]. Осыған байланысты, аталған шаманың өзгеруіне әсер ететін бірқатар факторларды атап өту қажет.



Бұрғылап-жару жұмыстарының (БЖЖ) тиімділігіне елеулі әсер ететін негізгі факторларға шпурлардың тереңдігі, жыныстардың беріктік коэффициенті, тұтқырлығы, жарықшақтылығы, қолданылатын жарылғыш заттың түрі мен детонация жылдамдығы жатады. Бұл көрсеткіштердің оңтайлы мәндерін таңдаған жағдайда бұрғылау көлемін және жарылғыш зат шығынын азайтып, шпурды пайдалану коэффициентін (ШПК) арттыра отырып, қазбаның контурын сақтап қалу мен тау жынысының қажетті дәрежеде ұсақталуын қамтамасыз ететін тиімді жару жұмыстарын жүргізуге болады.

### **2.2.2 Тау жыныстарының физико-механикалық қасиеттерінің (беріктік, тұтқырлық) жарылыс процесіне әсері**

Тау жынысын тиімді жару арқылы бұзу оның негізгі физико-механикалық қасиеттерін дұрыс анықтаған жағдайда жүзеге асады, олардың ішінде ең маңыздылары — беріктік және тұтқырлық.

Профессор М.М. Протодьяконов тау жыныстарының беріктігі бойынша (1-ден 20-ға дейін) жіктемесін ұсынған болатын. Тау жыныстарының беріктік шкаласы отандық тау-кен өндірісінде кеңінен қолданылады. Шетелдік ғалымдардың әдістемелерінде бұл көрсеткіштің баламасы қолданылмайды.

Тау жыныстарының тұтқырлық коэффициенті – тұтқырлықты сандық тұрғыда бағалайтын параметр, ол тау жынысының қысу кезіндегі беріктік шегінің пластикалық коэффициентіне көбейтіндісіне тең [6]. Тұтқырлық тау жынысының пластикалық деформациясы мен серпімсіздігіне байланысты.

Пластикалық деформация кезінде тұтқырлық жылжу қабатында пайда болатын жанама кернеудің пластикалық ағу жылдамдығына қатынасы ретінде сандық түрде анықталады және шамасы  $10^{13}$ – $10^{20}$  Па×с аралығында өзгереді. Жыныстың серпімсіздігімен (серпімді кейін әсер ету, термосерпімді эффект, серпімді гистерезис) анықталатын тұтқырлық шамасы механикалық шығындар коэффициентіне (декремент өшуі) пропорционалды, оның мәні  $10^{-1}$ – $10^{-3}$  аралығында болады.

Бұзылу кезінде тұтқырлық тау жынысының деформациялануының үлгінің бірлік ауданына қатынасы ретінде бағаланады. Бұл көрсеткіш үлгілерге соққы сынақтарын (соққы тұтқырлығы) жүргізу арқылы копр құрылғысында анықталады. Тұтқырлық шамасы пластикалық коэффициентінің тау жынысының беріктік шегіне көбейтіндісі ретінде де есептелуі мүмкін.

Тәжірибеде салыстырмалы тұтқырлық коэффициенті арнайы сынақ құралдары (жұлып алғыштар) көмегімен анықталады. Бұл коэффициент – жыныс массивінен оның белгілі бір бөлігін ажырату үшін қажет күштің, эталон ретінде алынған әктасты ажыратуға қажет күшке қатынасы [7].

Бұл коэффициенттің мәні 0,5-тен 3-ке дейін өзгереді (2.3-кесте). Тұтқырлық артқан сайын серпімді толқындардың сіңірілуі күшейеді, жыныстардың сырғуы мен ісінуі азаяды, пайдалы қазбаларды өңдеу және жару жұмыстары кезінде жыныстарды ұсақтау мен майдалау процестерінің энергия шығыны артады [7].

Кесте 2.3 – Кейбір тау жыныстарының салыстырмалы тұтқырлығы

| Таужыныстары           | Тұтқырлығы |
|------------------------|------------|
| Мрамор                 | 0,7        |
| Әктас                  | 1,0        |
| Құмтас                 | 1,1        |
| Гранит және шақпақ тас | 1,2        |
| Кварцит және диориттер | 1,9        |
| Базальт                | 2,2        |

Тұтқырлықты формула бойынша да анықтауға болады:

$$\eta = \tau_{cd} \cdot \tau_p, \text{ Па} \times \text{с}, \quad (2.1)$$

мұндағы  $\tau_{cd}$  – тау жыныстарының ығысу күші, Па;

$\tau_p$  – релаксация уақыты, с.

Тұтқырлық реттелетін ұсақталу аймағының дәрежесі мен көлеміне айтарлықтай әсер етеді, өйткені тұтқырлық дәрежесінің көрсеткіші артқан сайын жарылыс кезінде пайда болатын серпімді толқындардың сіңірілуі күшейеді.

Жарылыс жұмыстары кезінде соққы толқынының ерте өшуі жағымсыз фактор болуы мүмкін (нәтижесінде — қазып алынған контурдың сапасыз өңделуі және ШПК төмен болуы ықтимал). Сондықтан бұрғылау-жару жұмыстарының (БЖЖ) параметрлерін есептеу әдістемесінде тұтқырлықты тау жыныстарының негізгі физика-механикалық сипаттамаларының бірі ретінде ескеру қажет.

### 2.2.3 Массивтің құрылымдық ерекшеліктерінің жарылыс сапасына тигізетін әсерін талдау

Капиталдық және дайындық асты жерасты жұмыстарында орналасқан тау жыныстары біртекті емес, көпжақты сығылу жағдайында болады. Бұл жағдайларда олардың бұзылуы әдетте сынғыш түрде өтеді, тек жоғары ылғалданған балшықты бөлшектерден тұратын литологиялық айырмашылықтардан басқа. Сонымен қатар, массив, генезисіне байланысты, кездейсоқ бағытталған жарықшақтар жүйелерімен бөлінген белгілі бір құрылым мен текстураға ие. Бұл тау жыныстарының беріктік сипаттамалары үлгіде және массивте елеулі айырмашылықтар болуына әкеледі, бұл геомеханикада құрылымдық әлсіреу коэффициенті ( $k_c$ ) арқылы сандық тұрғыдан бағаланады [8]. Құрылымдық әлсіреу коэффициенті реттелетін ұсақтау аймағын анықтау үшін әртүрлі өрнектер бойынша есептелуі мүмкін.

[9] жұмыста ВНИМИ классификациясы келтірілген, онда жарықшақтар жүйелерімен әлсіреген массивтердің біросынды сығылуға беріктігі туралы аздаған мәліметтер қорытындыланған. Мұндағый құрылымдық бұзылған

массивтердің беріктігі мен монолитті тау жыныстарының беріктігі арасындағы айырмашылық құрылымдық әлсіреу коэффициентімен бағаланады.

СНиП [10] ұсынымдары бойынша құрылымдық әлсіреу коэффициенті жарықшақтар арасындағы орташа қашықтыққа байланысты анықталады.

И.С. Поповтың [11] классификациясына сәйкес құрылымдық әлсіреу коэффициентінің мәндері жарықшақтанудың сипаттамасына сәйкес келеді - барлық бағыттар бойынша тығыз желіден ( $k_c = 0,0005$ ) жарықшақтары жоқ монолитті тау жынысына дейін ( $k_c = 0,9$ ).

«Жарықшақты массивтің механикалық қасиеттерін анықтау бойынша ұсынымдар» [12] құрылымдық әлсіреу коэффициентін келесі тәуелділік бойынша есептеуді ұсынады:

$$K_c = \frac{1}{1 + (l/H_x)^{m_1} \cdot m_2 [\sin(2\alpha - \rho) - C/R] \cdot R^n \cdot l_n(l/H_x)^{-1}} \quad (2.2)$$

мұндағы  $l$  – әлсіреу жазықтарынан пайда болған элементар блоктың мөлшері, м;

$H_x$  – жарықшақты модельдің максималды өлшемі, м;

$m_1, m_2, n$  – сандық мәндері келесідей коэффициенттер:  $m_1 = -0,447$ ;  $m_2 = 2,34 \cdot 10^{-5}$  және  $n = 2,73$ ;

$\rho$  – тау жыныстарының ішкі үйкеліс бұрышы, град;

$C$  – Жеке бөліктердің байланыс беттеріндегі ұқсату, МПа;

$R$  – элементарлы блоктың қысымға беріктігі, МПа.

Г.Л. Фисенко [13] массивтерде жанасуды зерттеу үшін жарықшақтармен жарылған тау жыныстарының ірі призмаларын ығыстыру арқылы эксперименттік түрде эмпирикалық тәуелділік шығарды:

$$K_c = \frac{1}{1 + 10 \cdot l_n \cdot \frac{H}{b}}, \quad (2.3)$$

мұндағы  $H$  – құлау призмасының биіктігі, м;

$b$  – блок өлшемі, м.

М.В. Рац құрылымдық әлсіреу коэффициентін анықтау үшін келесі өрнекті ұсынады:

$$K_c = 0,08 + 0,92 \cdot \left(\frac{H}{b}\right)^{-1,2}, \quad (2.4)$$

Осылайша, жарықтық массиві - бұл жарылыс сапасын жақсартуға ықпал ететін маңызды сипаттама, оның дәл анықтамасы жарылыстың сапасын арттыруға септігін тигізуі мүмкін. Алайда, бұл көрсеткішті дәл анықтау үлкен қиындық туғызады, өйткені барлық өрнектерде табиғи жарықтық параметрі сияқты параметр бар. Бұл параметрдің сандық мәні тау жыныстарының қазу

жұмыстары барысында жиі өзгеріп отыруы мүмкін, сондықтан бұл есептеулердің дәлдігіне теріс әсер етуі мүмкін.

#### **2.2.4 Жарылғыш зат түрлері мен детаноциялану жылдамдығының жарылыс жұмыстарының тиімділігіне әсерін талдау**

Жарылғыш заттың түрі жерасты тау-кен қазбаларын жүргізу кезінде жару жұмыстарының тиімділігіне әсер ететін негізгі факторлардың бірі болып табылады. Қазіргі таңда жерасты қазбаларын салу барысында көбінесе патрондалған ұнтақ тәрізді және түйіршіктелген жарылғыш заттар қолданылады. Соңғы жылдары қолдану орнында дайындалатын жарылғыш заттарды тұтыну көлемінің арту үрдісі байқалуда.

Қазіргі заманғы жару жұмыстары үшін қолжетімді жарылғыш заттардың кең ассортименті әртүрлі тау-геологиялық жағдайларға сәйкес келетін материалды таңдауға мүмкіндік береді.

Әрбір жарылғыш заттың өзіндік детонация жылдамдығы болады, ал бұл көрсеткіш — бұрғылау-жару жұмыстарының параметрлерін есептеу әдістемелерінде ескерілетін маңызды факторлардың бірі.

Газдардағы детонация құбылысы алғаш рет 1881 жылы екі француз ғылыми тобы — Бертло мен Вьель, сондай-ақ Малляр мен Ле Шателье тарапынан бір-бірінен тәуелсіз түрде ашылды [14, 15]. Бұл жаңалық түтіннің құбырлар бойымен таралуын зерттеу жұмыстары барысында орын алды. Осы уақыттан бастап детонациялық толқынның әрекеті туралы түрлі теориялар пайда бола бастады.

Алғашқылардың бірі болып гидродинамикалық детонация теориясы ұсынылды. Бұл теорияны кеңес физигі В.А. Михельсон әзірлеген [16]. Кейіннен оны Д.Л. Чепмен [17] және Е. Жуге [18] жалғастырып дамытты. Гидродинамикалық теория әрі қарай маңызды дамуға ие болды, әсіресе газ қоспаларына да, конденсацияланған жарылғыш заттарға да қатысты. Бұл саладағы іргелі үлестерді А.А. Гриб [19], Я.Б. Зельдович [20], фон Нейман [21] және Дёринг [22] сынды ғалымдар қосты.

А.Н. Дрёмин және оның әріптестері жүргізген жарылыс параметрлерін зерттеу нәтижесінде [23, 24] зарядтың диаметріне қарамастан, жарылғыш заттың тығыздығы ( $\rho$ ) 1,0–ден 1,45 г/см<sup>3</sup>-ке дейін артқанда, детонация жылдамдығының едәуір өсетіні (6000 м/с-қа дейін) анықталды.

Алайда тығыздық 1,45–тен 1,70 г/см<sup>3</sup>-ке дейін өскен кезде, детонация жылдамдығының өсу қарқыны бәсеңдейді, ал заряд диаметрі 100 мм-ден асқан кезде бұл көрсеткіш іс жүзінде тұрақты күйде қалады [9]. Сондықтан детонация жылдамдығын есептеу үшін нақты тәуелділіктерді білу қажет.

Шетелдік зерттеушілердің жұмыстарында [25, 26] өндірістік жарылғыш заттардың детонациялық қабілеті зарядталатын шпурдың диаметрі мен ЖЗ тығыздығымен тығыз байланысты екені көрсетілген.

## 2.2.5 Тығын (Забойка) тереңдігі мен тығыздалу сапасының жарылыс жұмыстарының тиімділігіне әсерін зерттеу

Зарядтау камерасын бос бетімен байланыстыратын кеңістік жару жұмыстарының соңында тығыз ортамен толтырылған болуы керек, бұл жарылыс газдарының жоғалымын азайтады, олардың температурасын төмендетуге және серпімділігін азайтуға кедергі келтіріп, жарылысқа жеткілікті қарсылық көрсететін орта болады. Зарядтың тығыздығының мәні, жарылғыш заттың ыдырау жылдамдығы неғұрлым төмен болса (яғни жарылыс реакциясы өтетін уақыт аралығы неғұрлым ұзақ болса), соғұрлым жоғары болады, яғни жарылғыш заттың жұмыс істеу қабілеті мен бризанттылығы төмендейді.

Егер заряд тығынсыз жарылса, жарылыс газдары бос бетке қарай таралу мүмкіндігіне ие болса да, олар тиісті ауа бағанының қарсылығына кездесіп, жойғыш әсер етеді, бірақ бұл әсер тығынмен жарылған зарядтарға қарағанда едәуір төмен болады. Сондықтан бірдей жарылыс әсер алу үшін тығынмен жарылған зарядтың көлемі тығынсыз жарылған зарядтың көлемінен үлкен болуы керек.

Шпурдың заряды мен аузы арасындағы кеңістік инертті материалмен толтырылады – бұл шпурдың забойкасы. Тығын шпурды жарылыс уақытында тығыздап, жарылыс өнімдерінің жынысқа әсер ету уақытын ұлғайтады және жарылыс энергиясын толық пайдалануға мүмкіндік береді.

Шпурда забойка ұзындығы шпурды толтыру коэффициенті ( $K_{зш}$ ) арқылы нормаланады:

$$K_{зш} = \frac{l_3}{l_{ш}}, \quad (2.5)$$

мұндағы  $l_3$  – шпурдағы заряд ұзындығы, м.

Э.О. Миндели [27] пікірі бойынша, рационалды забойка ұзындығын анықтау үшін жарылыс энергиясын максималды түрде пайдалану жағдайларын жасау орынды.

Рационалды забойка ұзындығын анықтау үшін келесі өрнек қолданылады:

$$L_{заб} = \beta \cdot \sqrt[3]{\frac{P_b \cdot d_{ш} \cdot (Dt_p \pm l_3)^2}{D^2 \cdot \gamma_{заб}^2}} \cdot \sqrt{\frac{P_b}{t_{mp}}}, \text{ м}, \quad (2.6)$$

мұндағы  $\beta$  – коэффициент, анықталатын тәжірибелік жолмен, ол үшін пластикалық материалдарда – 0,47, ал зерналық материалдардан жасалған забойка үшін – 0,54;

$P_b$  – шпурда жарылыс өнімдерінің орташа қысымы, кг/м<sup>2</sup>;

$d_{ш}$  – шпурдың диаметрі, м;

$D$  – жарылғыш заттың детонация жылдамдығы, м/с;

+ және - белгілері тікелей инницириялану және сәйкесінше кері инницириялану білдіреді;

$L_3$  – зарядтың ұзындығы, м;

$\gamma_{заб}$  – забойка материалының көлемдік салмағы, кг/м<sup>3</sup> ;

$\tau_{тр}$  – забойка материалының ішкі үйкеліс күштерінің қарқындылығы, кг/м<sup>2</sup>

Формула 2.6 әрбір нақты жағдайда жарылғыш заттар мен забойка материалдарының қасиеттерін ескере отырып, рационалды забойка ұзындығын шешуге мүмкіндік береді.

Ақжал кенішінің геологиялық жағдайлары, жыныстардың қасиеттері және жарылғыш заттардың сипаттамаларына байланысты шпурларды забойлау үшін *құмды-сазды қылышқтармен* немесе *түйіпшіктелген шлак немесе құммен* пайдалану ең тиімді таңдау болар еді, себебі бұл материалдар жарылыс энергиясын максималды түрде пайдалануға және шпурдың сенімді герметизациясын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

*Құмды-сазды қылышқтарды* жақсы пластикалы және герметикалық қасиеттерге ие, бұл жұмсақ және орташа мықты жыныстар үшін өте маңызды. Бұл материал жарылыс өнімдерін шпурда ұстап, қажетті қысым қалыптастырып, жыныстың максималды түрде бұзылуына мүмкіндік береді. Егер біздің кен орнымыздың жыныстары өте қатты болмаса, песчано-глинялы пыждар тиімді болады, себебі олар жарылғыш заттардың шығынын арттырмай, жарылыс энергиясын жақсы таратуға мүмкіндік береді.

Ал егер кен орнында жыныстар жоғары беріктікке ие болса, *түйіпшіктелген шлак* ең жақсы таңдау болады. Оның жоғары тығыздығы мен беріктігі шпурда айтарлықтай қысым жасай отырып, қатты жыныстарды тиімді бұзуға ықпал етеді. Мұндағый типтегі забойка жоғары энергиялы жарылғыш заттармен жұмыс істегенде әсіресе тиімді болады, өйткені ол жарылыс өнімдерін ұстап, барлық энергияны жынысты бұзу үшін пайдалануға мүмкіндік береді.

*Құмды* пайдалану қарапайым жағдайларда жылдам және үнемді жұмыс істеу үшін қолайлы болуы мүмкін, бірақ ол қатты жыныстармен жұмыс істегенде песчано-глинялы пыждар мен гранулирленген шлактан аз тиімді болады.

Қорытындылай келе, біздің кен орнының геологиялық ерекшеліктеріне байланысты *құмды-сазды қылышқтармен* жұмсақ және орташа мықты жыныстар үшін, ал *түйіпшіктелген шлак* қатты жыныстар үшін ең тиімді таңдау болып табылады.

## **2.2.6 Үңгіме шпурларының параметрлерінің жарылыс жұмыстарына тигізетін әсерін зерттеу**

Тау-кен жұмыстарының қазба жұмыстары кезінде жарылыс арқылы жыныстарды бұзу кезінде ең жауапты элемент – бұл үңгімелік шпурлы

калыптастыру. Үңгімені тиімді жұмысы жарылыстың жалпы тиімділігін айтарлықтай алдын ала анықтайды.

Үңгімелік шпур – бұл БЖЖ паспортындағы ең маңызды компонент болғандықтан, ол көбінесе жарылыстың негізгі сапалық сипаттамаларын анықтайды (цикл бойынша беткі қабаттың қозғалу қадамы, жыныстың қажетті құлауы мен сапалы ұнтақталуы, қазбаның жеткілікті тұрақтылығы және оның жобамен сәйкес контурлануы), ал жарылыс үңгіме құрылысын есептеу әдістемесін әзірлеу маңызды міндет болып табылады [28-30].

## **2.3 Бұрғылау жару жұмыстарының оңтайландырылған параметрлерін есептеу**

Қазіргі уақытта жерасты тау-кен қазба жұмыстарын жүргізу кезінде ең тиімді көрсеткіштерді қамтамасыз ету үшін жарылыс жұмыстарына ерекше көңіл бөлінеді, атап айтқанда, бұрғылау-жарылыс жұмыстарының оңтайлы параметрлерін анықтауға. Олардың параметрлерін есептеу әдістемесі жарылыс энергиясының бұзылу массивіне әсер ету процесінде маңызды рөл атқаратын факторлардың толық тізімін ескеруі қажет. Сонымен қатар, ұсынылатын технологиялық шешім жарылыс жұмыстарының тиімділігін арттыруға және барлық материалдық және материалдық емес шығындарды біріктіріп азайтуға мүмкіндік беруі тиіс.

### **2.3.1 Жарылғыш заттардың түрін таңдау, жару әдістері мен құралдары**

Жарылғыш заттар мен жару құралдарын кеніштің газдік режимін, таужыныстарының беріктігін және сулылығы ескере отырып таңдап алады.

*Жарылғыш заттар* дегеніміз – заттардың сыртқы импульстардың әсерінен жылу және газ бөле отырып тез ыдырайтын химиялық қоспалары немесе қосындылары. Өндірістік Жарылғыш заттардың қатарына жасау мен қолдануға қауіпсіз, ұзақ уақыт сақтағанда және қолданғанда физикалық және химиялық қасиеттері өзгермейтін, әрі жасаудың және қолданудың техникалық-экономикалық көрсеткіштері тиімді, әрі әсерлі қоспалар мен қосындылар жатады [29-31].

Өндірістік Жарылғыш заттар қатты немесе қатты және сұйық заттардың қоспалары болуы мүмкін.

Бекемдігі проф. М.М.Протодьяконовтың шкаласы бойынша  $f \leq 12$  таужыныстарын бұзу үшін уақтағыштығы төмен, тығыздығы 1000-1100 кг/м<sup>3</sup> және дүмпу (детонация) жылдамдығы 4 км/с төмен Жарылғыш заттар, ал жыныс бекемдігі  $f \geq 12$  уақтағыштық қасиеті жоғары, тығыздығы 1400 кг/м<sup>3</sup> және дүмпу жылдамдығы 6-6,5 км/с Жарылғыш заттар қолданылады.

Газдар мен шаңдардың жарылыс қаупі жоқ кен қазбаларында II классты сақтандырылмайтын жарылғыш заттар қолданылады. Мысалы, беріктілігі орташа және қатты таужыныстарды жару үшін №1 және №3 жартастық

аммонит, детонит М, АС-8В гранулитін, ал беріктігі орташа және беріктігі төмен жұмсақ және босаңдау таужыныстарын жару үшін – аммонит 6ЖВ, гранулит 79/21, АС-4 сияқты Жарылғыш заттарды қолдану тиімді.

Газдар мен шаңдардың жарылу қауіпі бар кен қазбаларында бос таужыныстарды аттыруға ВП-4 победиті және АП-5ЖВ аммониті, ал көмір аралас забойда Т-19 аммониті және ПЖВ-20 аммониті қолданылады.

Газдар мен шаңдардың жарылу қауіпі өте жоғарғы шахталарда сақтандырғыштығы жоғары V классты – угленит Э-6, угленит 5, сонымен қатар сақтандырғыштығы өте жоғары СП-1 патрондары қолданылады.

Қолдану жағдайларына байланысты жарылғыш заттар екі топқа және алты класқа бөлінеді. Газдар мен шаңдардың жарылыс қауіп жоқ жерасты кеніштерінде жарылыс жұмыстарын жүргізгенде қолданылатын

Жарылғыш заттар бірінші группаға (сақтандырылмайтын ЖЗ) және екінші класқа жатады. Бұл жарылғыш заттардың патрондары қызыл түсті қағаздан, ал олар салынатын қаптардың сырты боялмайды, және қапталына қызыл жолақ салынады.

Жарылғыш заттарды таңдауды жеңілдету үшін тау-кен таужыныстары сілемінің беріктігіне байланысты  $f \geq 12$  және  $f < 12$  кылып екі топқа, сонымен қатар таужыныстары сілемінің сулылығына байланысты құрғақ және сулы деп атап екі топқа бөлген.

Газдар мен шаңдардың жарылу қауіпі жоқ кеніштерде қазбаларды өтуге кеңінен қолданылатын Жарылғыш заттардың топтамасы төменгі 2.4 – кестеде келтіріледі.

Кесте 2.4 – Жарылғыш заттар топтамасы

| Жарылғыш заттарды қолдану жағдайы         | Протодьяконовтің шкаласы бойынша жыныс беріктігі | Жарылғыш заттардың атаулары                   | Патронның диаметрі, мм |
|---|--|---|------------------------|
| Қазбадағы құрғақ шпурлармен қазба өткенде | 6-18   | Гранулит Э                                    |                        |
|   |  | Гранулит АС-4/4В                              |                        |
|   |  | Гранулит АС-8/8В                              |                        |
|   |  | Гранулит А-6                                  |                        |
|   |  | Детонит М                                     | 28-36                  |
|   |  | №3 жартастық аммонит                          | 28-36                  |
|   |  | Аммонит 6ЖВ                                   | 32-36                  |
| Шпурлар сулы қазбада өткенде              | 12 дейін   | Полиэтилен қабықшасы бар №3 жартастық аммонит |                        |
|   |  | Жартастық аммонит                             | 32                     |
|   | 12-ден жоғары                                    | Детонит М                                     | 28-36                  |
|   |  | №1 жартастық аммонит                          | 28-36                  |
|   |  | Полиэтилен қабықшасы бар №3 жартастық аммонит | 45                     |

Қазбаларды нақтылы тау-кен-техникалық шарттарда өткенде ондағы таужыныстарын жару үшін экономикалық жағынан тиімді және қолдануы



әсерлі жарылғыш заттарды таңдап алу үшін, олардың 1000 кДж талапты жұмыс істеу қабілетіне сәйкес шығатын өндірістік шығындарын, экономикалық салыстыру арқылы мына формуланы қолдану арқылы табуға болады:

$$C_{\text{б.ж.з}} = 1000 [C_{\text{аз}} + C_{\text{б}} / \Delta \cdot K_{\text{ш}} + C_{\text{о}}] / A_{\text{ж.з}}, \quad (2.7)$$

мұндағы  $A_{\text{ж.з}}$  – ЖЗ жұмыс істеу қабілеті, кДж/кг;

$C_{\text{аз}}$  - 1 кг АЗ құны франко-кеніш, тг/кг;

$C_{\text{б}}$  – шпурдың 1 дм<sup>3</sup> құны, тг/дм<sup>3</sup>;

$C_{\text{о}}$  - 1 кг АЗ оқтаудың құны, тг/кг;

$\Delta$  – оқтаудың тығыздығы, кг/дм<sup>3</sup>;

$K_{\text{ш}}$  – шпурдың тереңдігін пайдаланудың коэффициенті.

Жарылғыш заттарды осы формуланы қолдану арқылы таңдап алуға болады, бірақ ақырғы нақты шешімге келу үшін оларды іс жүзінде қолданып көру керек.

Жарылғыш заттардың идеальды жұмыс істеу қабілетінің шамасын, сол Жарылғыш заттардың сыйпатамасынан алады.

Кестеде келтірілген Жарылғыш заттар бұрынғы кеңестер одағына кіретін елдерде шығарылады. Ал олардан тыс шетелдердің кеніштерінде көбіне құрамында су бар Жарылғыш заттар қолданылады.

Олар үш топқа бөлінеді: «сларри» - ерімейтін заттардың сумен қоспасы; гелдер – аққыш коллоидтардың қатқылдау түрлері, қатты желатин тәрізді; эмульсиялар – бір –бірінде ерімейтін екі-үш сұйықтардың қоспасы, олар эмульсия түрінде тұруы үшін оларға аз мөлшерде эмульгатор қосады.

Шет елдік Жарылғыш заттарды қолданғанда оларды қандай тау-кен техникалық жағдайларда қолданылатын есепке алу керек және оларды шығарған зауыттардың нұсқауларымен мұқият танысу керек.

Сонымен қатар, олар үкімет бекіткен Қазақстанда қолдануға болатын Жарылғыш заттардың тізіміне енуге тиісті.

Тау-кен қазбаларын қатты таужыныстарын жүргізуге соңғы кезде түйіршектелген АЗ (граммонит 79/21, гранулит АС-4 және т.б.) кеңінен қолданып жүр. Түйіршектелген АЗ патрондағандарға қарағанда жұмыс істеу қабілеті төмендеу, бірақ оларды жоғарғы тығыздықпен механикаландырылған әдіспен оқтауға болады және олардың бағасы арзан, әрі сыртқы механикалық әсерлерге сезімталдығы төмен.

Жазық және көлбеу қазбаларды газдар мен шандардың жарылу қауіпі жоқ кеніштерде жүргізгенде оқталған

Жарылғыш заттарды отпен, электрлі, электрі отты және капсульсіз-оталдырғыш пілтемен аттыру және заманауи әдістері қолданыулары мүмкін.

Мұндағый өндірістерде іс жүзінде ең көп тарағаны оқталған ЖЗ электроталдырғыш қолдану арқылы бір сәтте немесе аз уақыт тежеумен және белгіленген уақыт бойынша тежеулі аттыру әдістері қолданылады.

### 2.3.2 Шпур тереңдігін анықтау

Шпурлардың тереңдігі бұрғылап-аттыру жұмыстарының негізгі параметрлерінің бірі болып табылады. Шпурдың тереңдігі қазбаны жүргізудің циклінің ұзақтығын, қазбаны өтудің жылдамдылығын оған кететін жалпы қаржының көлемі мен еңбек шығымдылығын анықтауға мүмкіндік тудырады.

Шпурлардың тереңдігінің оптимальды мәнінің негізгі көрсеткіштері ретінде қазбаның 1 метрін жүргізу үшін жұмсалатын еңбек пен уақыттың және қаржының ең аз кететін шамалары алынады.

Шпурлардың тереңдігін анықтағанда қазба өтудің геологиялық, техникалық және еңбек ұйымдастыру факторларын ескеру керек.

Негізгі геологиялық факторларға таужыныстарының бекемдігі, жарықшақтығы, тақталануы (напластование) және судың қазбаға келімінің көлемі мен газ режімі жатады.

Техникалық факторларға – қазбаны жүргізудің технологиялық үлгісі, қазбаның көлденең қимасы, қолданылатын бұрғылау және тиеу машиналарының түрлері, АЗ (ЖЗ)--тың сапасы және тағы басқалары жатады.

Ұйымдастырушылық факторларына – қазба жүргізу циклінің ұзақтығы және осыған байланысты қазба жүргізу жылдамдығы жатады.

Шпурлардың тереңдігі тайыз (1,0-1,5 м) болғанда қазбаны ілгері жүргізудің 1 метріне шаққанда жұмсалатын көмекші жұмыстардың (қазбаны желдету, шпурларды бұрғылау және таужыныстарын тиеу кезеңдерінің, даярлау – қорытындылау операциялары және т.с.) уақыт мөлшері ұзарады.

Қазбаларды жүргізуге терең шпурлар (3,5-4,0 м) қолданылса, онда таужыныстарының уатылу сапасы және шпурларды пайдалану тиімділігі төмендейді. Бұл жағдайда да қазбаның 1 метрін өтуге жұмсалатын уақыт мөлшері ұзарады [30-32].

Негізі шпурдың тереңдігін қазба өтудің мөлшерленген техникалық жылдамдығына, қолданылатын тау-кен жабдықтарының түрлеріне және олардың санына немесе қазба өтудің өнім шығару мөлшеріне байланысты анықтайды.

Қазба жүргізудің мөлшері техникалық жылдамдығы белгілі болса, онда шпурдың тереңдігін мына формула арқылы есептеп шығаруға болады:

$$\ell_{ш} = \frac{V \cdot T_{ц}}{t_{эс} \cdot n_{эс} \cdot \eta}, \text{ м} \quad (2.8)$$

мұндағығы  $V$  – қазба жүргізудің жылдамдығы, м/айына;


$T_{ц}$  – қазба жүргізу циклінің ұзақтығы, сағ;

$t_{эс}$  – тәуліктегі қазба жүргізу уақыты, сағ;

$n_{эс}$  – бір айдағы жұмыс істейтін тәуліктер саны;

$\eta$  – шпурларды пайдалану коэффициенті (әдетте  $\eta = 0,8 \div 0,95$ ).

Сондықтан шпурлардың тереңдігі белгіленген техникалық өту жылдамдығына, тау-кен өту жабдықтардың саны мен өнімділігіне байланысты немесе өндірістің стандарттары мен параметрлері бойынша анықталады [30-37] (2.1-сурет).



2.1 - сурет – Қазба тереңдігі мен биіктігіне байланысты шпур тереңдігі

Сонымен бірге, шпурлардың тереңдігі, ең алдымен, өтудің белгілі бір жылдамдығын қамтамасыз ету шартына негізделген:

$$l_{ш} = \frac{L}{Nin_{см}n_{ц}\eta}, \text{ м}, \quad (2.9)$$

мұндағы L – қазба ұзындығы, м;

N- айдағы жұмыс күндері, күн;

i - тау-кен қазбаларын өту жұмыстарын жүргізу уақыты, ай;

n<sub>см</sub> – ауысым саны, дана;

n<sub>ц</sub> – циклдар саны, дана;

η – шпурларды пайдалану коэффициенті.

Тау-кен өту жұмыстарының циклінің еңбек сыйымдылығын ескере отырып, шпурлардың тереңдігін анықтау кезінде Б. Н.Кутузов ұсынған ережелерді қолдану қажет.

F=4-10 беріктік коэффициенті бар таужыныстары үшін шпурлардың оңтайлы тереңдігі 2,5–3,0 м құрайды, ал таужыныстарының беріктігінің жоғарылауымен шпурларда оңтайлы тереңдігі азаяды, ал қазба қимасының ұлғаюымен ол артады. Тұрақты таужыныстарында шпурлардың тереңдігі 4-4,5 м болған кезде тиімді соққы жасалады.

### 2.3.3 Шпурлар санын анықтау

Бұрғылау жару жұмыстарының оңтайландыруда шпурлардың тиімді мөлшерін анықтау негізгі факторлардың бірі болып табылады. Забойда бұрғылынатын шпурлар саны: таужыныстарының беріктігі, қазбаның көлденең қимасының пішіндері мен өлшемдері, қолданылатын жарылғыш зат түрлері мен диаметріне, заряд құрылымы мен шпурға жарылғыш затты толу коэффициентіне байланысты таңдаланып алынады [31, 32].

Шпурлар санын анықтауда көптеген формулалар бар. Н.М. Покоровского, Г.Г.Мухтаровтың және т.б. ғалымдардың формулалары бар. Өз кезегінде Н.М. Покоровского келесідей формула ұсынды:

$$N = \frac{q \cdot S_{np} \cdot \eta}{j \cdot a}, \quad (2.9)$$

мұндағы  $j$  - шпур ұзындығының бірлігіне келетін ЖЗ салмақтық мөлшері, кг/м;

$a$  - шпурларды толу коэффициенті;

$q$  - ЖЗ меншікті салмағы, кг/м<sup>3</sup>;

$S_{np}$  - қазбаның жобалық ауданы, м<sup>2</sup>;

Солардың ішінде тәжірибе көрсеткіштеріне жақыны Г.Г.Мухтаровтың түзетуі еңгізілген қазба забойының 1 м<sup>2</sup> ауданына келетін шпурлардың санын анықтайтын, проф. М.М.Протоdjяконовтың формуласы:

$$N_1 = 2,7 \cdot K_{жар} \sqrt{\frac{f}{S_{жс}}}, \quad (2.10)$$

мұндағы  $K_{жар}$  – таужынысының жарықшақтығын ескеретін коэффициент, (жарықшақтығы жоқ болса  $K_{жар} = 1$ ; сәл жарықшақты  $K_{жар} = 0,9$ ; орташа жарықшақты  $K_{жар} = 0,75$ ; өте жарықшақты  $K_{жар} = 0,55$ ; тұтастығы бұзылған таужыныстарды  $K_{жар} = 0,4 - 0,51$ ).

$f$  – таужынысының бекемдік коэффициенті;

Қазба забойының толық ауданына келетін шпурлардың саны:

$$N_1 = 2,7 \cdot K_{жар} \sqrt{f \cdot S_{жс}}. \quad (2.11)$$

СНиП III-11-77 нормативтік құжаттамасына бойынша шпурлардың санын келесі формула көмегімен анықтайды:

$$N = 1,27qS_q / (\Delta d 2K_3) \quad (2.12)$$

мұндағы  $\Delta$  - ЖЗ тығыздығы, кг/м<sup>3</sup>;

$d$  - ЖЗ патронның диаметрі;

$K_3$  - шпурды толтыру коэффициенті;

### 2.3.4 Шпурлардың забойда орналасуы

Бұрғылау-жару жұмыстарының тиімділігін арттыруда шпурларды қазба забойында оңтайлы орналастыру – өзекті мәселе болып табылады. Бұл, ең алдымен, шпурларды пайдалану коэффициентін жоғарылатып, артық жұмыс көлемін азайтуға мүмкіндік береді. Шпурлардың орналасуы таужыныстар массивінің физика-механикалық қасиеттеріне, қазбаның көлденең қимасының пішіні мен өлшемдеріне, шпурлардың тереңдігі мен санына, қолданылатын жарылғыш заттың (ЖЗ) түріне, сондай-ақ заряд құрылымына және басқа да факторларға тікелей тәуелді.

Шпурларды орналастыру схемасын таңдау кезінде келесі негізгі талаптар ескерілуі тиіс: шпурларды пайдалану коэффициентінің жоғары болуы, қазба контурының дәл шығарылуы, жарылыс нәтижесінде таужыныстардың біркелкі уатылуы және олардың белгілі бір орынға шоғырланып үйілуі, бұл өз кезегінде тиеу-тасымалдау үдерісін оңтайландырады.

Забойда шпурлар қызметтік міндетіне қарай үш негізгі түрге бөлінеді: үңгіме, қопарушы және көмекші (немесе жиектеуші) шпурлар. Бұл ретте үңгіме шпурлар айрықша маңызды рөл атқарады. Олар алғашқы болып жарылып, қопару зарядтары үшін бос кеңістік құра отырып, жалпы жарылыс тиімділігін арттырады. Әдетте, үңгіме шпурлардың ұзындығы басқа шпурларға қарағанда 10–20% артық болады.

Қазбадағы таужыныстарының бекемдігіне байланысты үңгіме шпурлар забой беткейінің жазықтығына перпендикулярно (бір-біріне параллель) бұрғыланса, онда – тура үңгіме (прямой врубь) деп аталады, ал егер шпурлар забой беткейінің жазықтығында қазбаның горизонтальді өсіне бірқатар бұрышпен бұрғыланса, онда-көлбеу үңгіме (наклонный врубь) деп аталады.

Тура үңгіме шпурлар призма тәрізді, саңылау (щелевой) тәрізді, спираль тәрізді, қабатты (ярусный) және осылардың құрастырмалы түрлері болып бөлінеді. Үңгіме шпурлар қазбаның көлденең қимасының ауданында белгіленген, керекті тереңдікке сәйкес қуыстың пайда болуын қамтамасыз етеді, бірақ ондағы зарядтар таужыныстарын өте қиын ауыр жағдайда жарады.

Бұрғылау-жару жұмыстарының (БЖЖ) жобалық құжаттарының негізгі элементтерінің бірі – шпурлардың забойдағы орналасу сұлбасы болып табылады. Функционалдық қызметіне қарай шпурлардың келесі түрлері ажыратылады: үңгіме (врубные), қопарушы (отбойные) және жиектеуші (оконтуривающие). Осы шпурларда орналастырылатын жарылғыш зат (ЖЗ) зарядтары келесі талаптарды қанағаттандыруы тиіс [32]:

*Үңгіме шпурлар* – тау жынысы массивінде қосымша ашық бет қалыптастыру үшін қажет, бұл өз кезегінде екінші кезекте жарылатын қопарушы зарядтардың әсерін күшейтеді;

*Қопарушы шпурлар* – тау жынысының негізгі көлемін бұзу үшін қолданылады;

*Жиектеуші шпурлар* – қазбаның контурын нақты қалыптастыру және контурға жақын тау жыныстарының бұзылуын барынша азайту үшін пайдаланылады.

Тупиктік (шығар жолы жоқ) тау-кен қазбаларын жүргізудің нәтижелері көбінесе үңгіме типіне байланысты болады, сондықтан үңгіме түрін таңдауға ерекше назар аудару қажет.

Үңгіме – бұл бірнеше шпурлардан (кейде бір немесе бірнеше скважиналардан) тұратын жүйе, олардың ұзындығы копарушы шпурларға қарағанда сәл ұзын болады. Үңгіме шпурларындағы (немесе скважиналардағы) зарядтар бірінші кезекте жарылып, тау жынысында салыстырмалы бос қуыс түзеді. Бұл қуыс кейінгі жарылыс кезінде копарушы шпурлардағы зарядтардың бұзу әсерін арттыруға мүмкіндік береді.

Үңгіме шпурларын забой бетіне перпендикуляр немесе көлбеу бұрышпен бұрғылайды, нәтижесінде түзу немесе көлбеу үңгіме қалыптасады. Бұл шпурлар бір жазықтықта немесе кеңістіктік фигуралардың қырларында орналасуы мүмкін. Бір жазықтықта орналасқан жағдайда жазық үңгіме түзіледі, ал кеңістіктік орналастыру кезінде сына тәрізді, пирамидалық, призмалық және басқа да үңгіме қуыстары пайда болады. Пирамидалық және призмалық қуыстардың қыр саны үңгіме шпурларының санына байланысты, ал бұл сан тау массивінің бұзылғыштық дәрежесіне кері пропорционалды.


Жарылғыш заттардың үңгіме зарядтарының жұмысын жеңілдету үшін кей жағдайда кеңістіктік фигуралардың ортасында бастапқы қуыс құрылады, ол үшін диаметрі шпурлардан үлкен компенсациялық шпур немесе скважина бұрғылайды. Бұл шпурлар зарядталмайды. Қолайлы тау-геологиялық жағдайларда, диаметрі жеткілікті үлкен скважиналарды қолдану арқылы үңгіме шпурларын мүлдем бұрғыламауға да болады [30-32].

*Сына тәрізді үңгіме (сурет 2.2, а, б)* – екі немесе бірнеше қарама-қарсы бағытталған, қиылыса орналасқан шпурлар жұбы арқылы жүзеге асырылады. Бұл шпурлар сына тәрізді үңгіме қуысын жасайды. Шпурлардың ауыздарын бір-бірінен 0,2–0,8 м арақашықтықта орналастырады, бұл тау жыныстарының беріктігіне, шпурлардың тереңдігі мен көлбеу бұрышына және ЖЗ-ның энергетикалық сипаттамаларына байланысты таңдалады. Тік сына тәрізді үңгіме көбіне кең қималы қазбаларды жүргізу кезінде, әсіресе қабаттылығы тік бағытталған тау жыныстарында қолданылады. Ал көлденең сына тәрізді үңгіме тар забойлар үшін тиімді. Бұл үңгіме түрі орташа бұзылғыштық қасиеті бар тау жыныстарында кеңінен қолданылады.

*Пирамидалық үңгіме (сурет 2.2, в)* – ортақ бір орталыққа бағытталған үш және одан да көп көлбеу шпурлардан тұрады. Бұл үңгіме түрі берік, монолитті тау жыныстарында қолданылады. Бұзылғыштық қасиеті төмен массивтерде үңгіме шпурларының санын немесе диаметрін ұлғайту қажет, себебі бұл жарылғыш заттың меншікті энергиясын арттыруға мүмкіндік береді.

*Призмалық үңгімелер (сурет 2.2, г)* – жарықшақты құрылымдағы, блоктарға бөлінген, берік тау жыныстарында тиімді. Мұндағый жағдайда тау

массиві тастан өрілген қабырғаға ұқсас құрылымға ие болады. Көп жағдайда үңгіме құрамына орталықта орналасқан зарядталмайтын шпур немесе скважина қосылады.



*a, б* – сына (жазық және көлбеу); *в* – текпешек; *г* – призматикалық; *д* – спиральды; *е, ж, з* – тегіс

2.2 - сурет – Үңгіме түрлері

Ақжал кеніші қазіргі таңда жерасты тау-кен қазбаларын бұрғылау жару жұмыстарымен өту барысында ромбалық үңгіме шпур типтері арқылы жұмыстарды жүргізеді.

### 2.3.5 Қысқа кешіктіру интервалын мен жарылыс желілерін есептеу

Әрбір жарылғыш зат (ЖЗ) заряды мен олардың топтары бір мезгілде немесе белгілі бір уақыт аралығымен жарылуы мүмкін. Уақытша кідірістердің болуы және ЖЗ зарядтарының жарылу реттілігі тау жынысының бұзылу механизміне және жару жұмыс нәтижелеріне айтарлықтай әсер етеді.

Бір мезгілде (жарылыстың сәтінде) бірнеше ЖЗ зарядтарының жарылуы кезінде әрбір заряд өзінің ең аз кедергі бағыты бойынша әсер етеді, және кеннің таужынысынан бөлінуі күрделі көпқырлы бет бойымен жүреді. Мұндағый жарылыс тәсілі жарылыс энергиясының пайдалы жұмысқа жұмсалуды төмендетеді, бұл 1 метр бұрғылауға келетін кеннің шығымын азайтады, оның кесектілігін арттырады және тазарту кеңістігіндегі кеннің шашырауын көбейтеді.

ЖЗ зарядтарының әртүрлі уақытта басталуы жарылыс энергиясын басқару мүмкіндігін жақсартады. Бұл жарылыстың әсер ету векторының

бағытын тау жынысында алғашқы зарядтардың жарылуынан кейін пайда болған жаңа ашық беттерге қарай бағыттаумен іске асырылады. Сол сияқты, екінші кезектегі зарядтар жарылғаннан кейін, үшінші кезектегі зарядтардың векторлары да жаңа ашық беттерге қарай өзгереді. Бұл векторлардың алғашқы бағытқа қатысты ауытқу бұрышы уақытша кідіріс неғұрлым ұзақ болса, соғұрлым үлкен болады. Зарядтардың жарылысы арасында бірнеше секундтық кідірістер болғанда, келесі зарядтар жарылған сәтке дейін тау жынысында жаңа ашық беттердің қалыптасуы толық аяқталады, бұл ең үлкен бағыт ауытқуына мүмкіндік береді. Осылайша, ЖЗ зарядтарының басталу ретін өзгерту арқылы олар арасындағы қашықтықты ең аз кедергі сызығына дейін ұлғайтуға болады. 1–3 секундтық аралықпен жарылыс бастау практикада тау жынысының қатты қысылған жағдайында, мысалы, тұйық забойларда (бір ғана ашық бет болғанда) қолданылады. Мұндағый жағдайда жарылыс алдымен вруб (орталық) зарядтардан, содан кейін негізгі және контурлық зарядтардан басталады.

Уақытша кідірісті жарылыстың тағы бір маңызды артықшылығы – жарылыс кезінде пайда болатын сейсмикалық әсерді едәуір азайту мүмкіндігі. Бұл жарылыстың жалпы ЖЗ массасын уақыт бойынша бірнеше кіші бөлікке бөлу арқылы іске асады. Жарылыс сатылары неғұрлым көп және әрбір бөлік арасындағы уақытша аралық неғұрлым ұзақ болса, сейсмикалық әсер соғұрлым төмен болады.

Жарылыстың қысқамезгілді кідірістермен (миллисекундтық) орындалуы кезінде тау жыныстарының ұсақталуын жақсарту келесі жолдармен мүмкін болады:

- Жарылыстың тау жынысына белсенді әсер ету уақытын ұзарту арқылы;
- ЖЗ зарядтарын бастау схемаларын құру арқылы, мұндағы жарылыс кезінде кен кесектерінің бір-бірімен соқтығысуы жүзеге асады.

Жарылыстың әсер ету уақытын ұзарту үшін зарядтардың бірінен соң бірі кідіріс арқылы басталуы қажет. Бұл кідірістер жарылыс толқындарының (тікелей және кері) тау жынысымен таралу уақытына сәйкес келетін, яғни мыңнан бір секундқа тең уақыт аралығында болуы керек. Осылайша, жарылыс салдарынан тау жынысында туындайтын кернеулі күйдің жалпы уақыты бірнеше есе ұлғаюы мүмкін. Алайда, кідіріс аралығын шамадан тыс арттыру кері нәтижеге әкелуі мүмкін – тау жынысындағы кернеудің тұтастығы үзіліп, жарылыстың тиімділігі төмендейді. Сонымен қатар, кейбір шекті мәндерден асқан кідірістер жарылыс кезінде көрші зарядтардың ерте бұзылып, толық жарылмай қалуына (подбой) себеп болуы мүмкін.

Қосымша соқтығыстарды (соударения) қамтамасыз ету – бұл ЖЗ зарядтарын арнайы ретпен қысқамезгілді бастау нәтижесінде, жарылыс кезінде кен кесектерінің қарсы қозғалысымен соқтығысу жағдайларын жасау. Бұл тәсіл қосымша ұсақталуға себеп болады және бұдан кейін арнайы қысқамезгілді жарылыс схемаларында кеңінен қарастырылады.



Жалпы алғанда, миллисекундтық жарылыс кезіндегі жыныстың бұзылу механизмі әлі толық зерттелмеген. Бірнеше теориялар бар, бірақ әлі бір нақты пікір жоқ:

1) Бір топ зерттеушілер қысқамезгілді жарылыс кезінде әр зарядтан тарайтын қысу толқындары интерференцияға ұшырайды, яғни олардың фазалары сәйкес келгенде амплитудасы артады;

2) Басқа зерттеушілер алдыңғы зарядтардың жарылысынан бұзылған жыныстар кейінгі жарылыспен қосымша ұсақталады деп есептейді;

3) Үшінші пікір – алғашқы зарядтардың жарылысы жаңадан ашық беттерді құрып, кейінгі зарядтардың бұзушы әсерін жақсартады.

Бұл түсіндірулердің барлығы белгілі бір дәрежеде шындыққа жанасады. Алайда, олардың әрқайсысының жарылыс нәтижесіне нақты әсері әлі белгісіз. Сонымен бірге, миллисекундтық кідірістерді пайдалана отырып жарылысты басқару – жарылыс технологиясын жетілдіру үшін әлі де көп мүмкіндіктерді (резервтерді) қамтиды.

Қазіргі заманғы кеніштерде жарылыс зарядтарының әсерін баяулату құралы ретінде электрлік баяулатқыш детонаторлар (ЭДЗ), қысқамезгілді баяулатқыш детонаторлар (ЭДКЗ), пиротехникалық релелер (КЗДШ, РП-Д – детонациялық шнур үшін), электрондық детонаторлар, сондай-ақ төменэнергетикалық сигнал өткізгіштері (толқын өткізгіштері) бар электрсіз іске қосу жүйелері (СИНВ) кеңінен қолданылады. Мұндағый электрсіз іске қосу жүйелерінің дәстүрлі тәсілдерге (отты немесе электрлік) қарағанда бірқатар артықшылықтары бар, ең алдымен қауіпсіздік деңгейі жоғары.

Мұндағый іске қосу жүйелері келесі құрамдас бөліктерден тұрады:

- миллисекундтық немесе лездік әрекет ететін, жарылғыш зат мөлшері аз арнайы детонаторлар;

- ішкі бетіне арнайы ұнтақ жағылған толқын өткізгіш түтіктер;

- бірнеше толқын өткізгіш түтіктерді бір шоғырға біріктіретін қосқыш блоктар;

- жоғары энергиялы ұшқын өндіретін арнайы жарылғыш машиналар;

- детонациялық шнурды толқын өткізгішке қосуға арналған қысқыштар және басқа да құрылғылар.

Мұндағый жүйелерді жеке де, сондай-ақ басқа іске қосу құралдарымен бірге де қолдануға болады.

Іске қосу құралдарының негізгі техникалық көрсеткіші – бұл жарылыс импульсінің баяулау аралығы (миллисекундпен өлшенеді). Бұл параметр нақты жағдайларға байланысты таңдалады – жарылуға жататын тау жыныстарының физика-механикалық қасиеттеріне, жарылғыш заттардың орналасуына және мөлшеріне, сондай-ақ келесі шарттарға байланысты:

- жарылыс контурының тегістігін қамтамасыз ету;

- сейсмикалық әсерді және контурдан тыс тау жынысының зақымдануын азайту;

- рудалық массаны забойдан барынша қашықтыққа лақтыру.

Көбінесе бұл баяулау аралығының ( $t$ ) шамасы жынысты ұсақтау сапасын жақсарту қажеттілігіне қарай анықталады.

Ол үшін келесі эмпирикалық тәуелділікті қолданыңыз:

$$\tau = kW, \text{ мс}, \quad (2.13)$$

мұндағы  $k$  – өндірілетін кеннің беріктігінің құрылымына байланысты коэффициенті олар:  $f = 5-10; 10-15; 15-20$  үшін  $k = 9-10; 7-8; 5-6$ ;

$W$ - ЖЗ зарядының ең аз қысқа қарысу сызығы, м.

Профессор А. Н. Ханукаев баяулау аралығын формула бойынша анықтауды ұсынды:

$$\tau = \frac{2W}{C_p} + \frac{W}{C_{тр}} + \frac{0,009}{V_{ср}}, \text{ с}, \quad (2.14)$$

мұндағы  $C_p$  – таужыныстары массивіндегі серпімді толқынның таралу жылдамдығы,  $C_p = 4000-6000$  м/с;

$C_{тр}$  - жарықшақтың орташа жылдамдығы, м/с;

$V_{ср}$  - жарылыс кезіндегі тау-кен массивінің ығысуының орташа жылдамдығы, м/с.

Формуланың бірінші қосындысы – бұл жарылғыш зат (ЖЗ) зарядынан ашық бетке дейін серпінді толқынның таралуына және кері қайтуына қажетті уақытты көрсетеді.

Екінші қосынды – ұзындығы ЛНС-ке тең жарықшақтың түзілуіне қажетті уақытты сипаттайды.

Үшінші қосынды – жарылыс толқыны жаңадан пайда болған жарықшақтан жеткілікті дәрежеде шағылатындай болуы үшін тау жынысының бір бөлігінің 0,009 м қашықтыққа жылжуына қажетті уақытты көрсетеді.

Қысылған ортада ұңғыма зарядтары жарылған кезде баяулау аралығын шамамен формула бойынша орнатуға болады:

$$\tau = (9,2W - 4,3)K_p, \text{ мс}, \quad (2.15)$$

мұндағы  $K_p$  - қысылатын ортаның қопсыту коэффициенті.

### 2.3.6 Бұрғылау жару жұмыстарының паспортын әзірлеу

Жарылыс энергиясы бір орынға бағытталынған болуы мүмкін немесе бөлінген

Кеніште бұрғылау жару жұмыстарының паспортын әзірлеу кезінде екі түрлі үңгіме шпурдың орналасуына қарай зерттеу жұмыстары жасалынды. Алдымен, тік-сыналы әдіс бойынша зерттеулер жасалынды.

1. Зерттеу әдісі. Үңгіме шпур тік-сыналы типте орналасқан кездегі есептеу жұмыстары.

Сонымен қоса, зерттеу жұмыстарының нәтижелері Ә, Б қосымшаларында келтірілінген.

Үңгіме шпурларды тік-сыналы типте орналастырқанда келесі параметрлер 2.5 – кесте ұсынылады.

Үңгіме шпур мен сағасының арасында арақашықтық

$$A_B = S_{\text{пр}} \cdot m, \text{ м} \quad (2.16)$$

мұндағы  $m$ -зарядтар арасындағы салыстырмалы арақашықтық келесідей 0,4-1,0

Кесте 2.5 – Тік – сынады үңгіме типінің параметрлері

| Таужыныстарының беріктік коэффициенті $f$ | Забойдағы шпурлардың көлбеу еңістігі $\alpha$ , градус | Үңгімедегі шпурлар саны, $n_B$ |
|---|--|--------------------------------|
| 7-8                                       | 62-64  | 4-6                            |
| 9-10                                      | 59-61  | 6-8                            |
| 11-13                                     | 56-58  | 6-8                            |
| 14-18                                     | 53-55  | 8-10                           |
| 19-20                                     | 50-53  | 8-12                           |

Тік-сынамалы үңгіме шпурдағы компенсациялық шпуралырының саны

$$N_0 = (\eta \cdot l_{\text{ш}}/A)3/ V_0, \quad (2.17)$$

мұндағы  $\eta$ -шпурларды пайдаланы коэффициенті (ШПК);

$l_{\text{ш}}$ -шпур тереңдігі, см;

$A=9,35$ -масштабтық коэффициент,

$V_0$ -бос шпур көлемі, см<sup>3</sup>

$$V_0 = \pi \cdot d_2 \cdot l_{\text{ш}}/4, \text{ см}^3 \quad (2.18)$$

Қысқа қарысу сызығының келесі формула көмегімен анықталады:

$$W=[p/(qm)]^{1/2}, \text{ м} \quad (2.19)$$

мұндағы  $p$ -1 м шпурдың сыйымдылығы

Жиектеуші орналасуын анықтаймыз:

- жиектеуші шпурлардың қазба күмбез бөлігіндегі бір-бірінен орналасу арақашықтығы:

$$A_{\text{ок.кр}}=1,0 \cdot W, \text{ м} \quad (2.20)$$

- жиектеуші шпурлардың қазба борт бөлігіндегі бір-бірінен орналасу арақашықтығы

$$A_{\text{ок.борт.}}=0,8-0,9 \cdot W, \text{ м} \quad (2.21)$$

- жиектеуші шпурлардың қазба табан бөлігіндегі бір-бірінен орналасу арақашықтығы

$$A_{\text{ок.кр.}}=0,7-0,8 \cdot W, \text{ м} \quad (2.22)$$

Қажетті ЖЗ мөлшерін анықтаймыз:

$$Q=q \cdot S_{\text{ч}} \cdot l_{\text{ш}}, \text{ кг} \quad (2.23)$$

1 шпурдағы орташа заряд массасы:

$$Q_c=Q/N, \text{ кг} \quad (2.24)$$

2. Келесі зерттеу.

Бұрғылау жару жұмыстарын ромбалық үңгіме түрін қолдану кезінде ұсынылатын методика.

Қопарылатын таужыныстарының циклдағы көлемі:

$$V_{\text{г.м}} = S_{\text{пр}} \cdot l_{\text{ш}} \cdot \eta, \text{ м}^3, \quad (2.25),$$

мұндағы  $S_{\text{пр}}$  – қазбаның өту кезіндегі ауданы,  $\text{м}^2$ ;

$l_{\text{ш}}$  – шпурдың тереңдігі,  $\text{м}$ ;

$\eta$  – шпурларды пайдалану коэффициенті,  $\eta = 0,96$ .

ЖЗ меншікті шығының келесі формула көмегімен анықтаймыз:

$$q = q_{\text{п}} \cdot S_1 \cdot V_1 \cdot e_1, \text{ кг/м}^3, \quad (2.26)$$

мұндағы  $S_1$  – таужыныстарының құрылымдық коэффициенті, кішігірім жарықшақпен дислокацияланған жыныстар үшін, Ақжал кеніші үшін  $S_1 = 1,4$ ;

$V_1$  – бір ашық кеңістік кезінде таужыныстарын қысу коэффициенті,

П.Я. Таранованың формула бойынша анықтаймыз:

$$V_1 = \frac{3 l_{\text{шп}}}{\sqrt{S_{\text{выр}}}}, \quad (2.27)$$

мұндағы  $e_1$  – ЖЗ жұмыс істеу қабілеттілік коэффициенті,  $e_1 = 0,95$ ;

$q_n$  – ЖЗ шығыны, таужыныстарының беріктігіне байланысты  $f = 12 \div 14$ ,  $q_n = 1,02$ .

ЖЗ циклдағы шығыны:

$$Q_{\text{ц}} = V_{\text{г.м}} \cdot q \cdot \eta, \text{ кг}, \quad (2.28)$$

Шпурлық зарядтың массасы:

$$q_3 = 0.785 \cdot d_{\text{п}}^2 \cdot l_{\text{ш}} \cdot K_3 \cdot \rho_{\text{вв}}, \text{ кг}, \quad (2.29)$$

мұндағы  $d_{\text{п}}$  – патрон немесе шпур диаметрі, м;

$K_3$  – шпурларды арттыру коэффициенті, таужыныстарының беріктігі және шпур немесе патрон диаметріне байланысты келесідей қабылдаймыз  $K_3 = 0,9$ ;

$\rho_{\text{вв}}$  – ЖЗ тығыздығы, патрондық Гранулит А6 үшін А6  $\rho_{\text{вв}} = 1150-1250$  кг/м<sup>3</sup>, түйіршіктелген Гранулит А6 үшін  $\rho_{\text{вв}} = 1100$  кг/м<sup>3</sup>.

Забойдағы шпурдың есептік саны:

$$N = \frac{Q_{\text{ц}}}{q_3}, \text{ шт.} \quad (2.30)$$

Қысқа қарысу сызығы келесі формула арқылы анықтаймыз:

$$W = \sqrt{\frac{q_{\text{м}}}{q_{\text{т}}}}, \text{ м}, \quad (2.31)$$

мұндағы  $m$  – зарядтардың жақындау коэффициенті, таужыныстарының беріктігіне байланысты біз аламыз  $m = 1,0$ ;

$q_{\text{м}}$  – бір шпурдың сыйымдылығын келесі формула арқылы анықтаймыз:

$$q_{\text{м}} = 0,785 \cdot d_{\text{п}}^2 \cdot \rho_{\text{вв}}, \text{ кг/м}. \quad (2.32)$$

Үңгіме шпур санын келесі формула арқылы анықтаймыз:

$$n_{\text{в}} = \frac{0,5N}{3}, \text{ шт.} \quad (2.33)$$

Компенсациялық шпурлар саны:

$$n_0 = \frac{0,5N}{n_B}, \text{ шт.} \quad (2.34)$$

Үңгіме шпурлар арасындағы орташа арақашықтық:

$$a_B = m \left( \frac{q}{V_1} \right)^{1/2}, \text{ м,} \quad (2.35)$$

мұндағы  $m$  – зарядтар арасындағы арақашықтық 0,7-1,2;

$V_1$  – таужыныстарын қысу коэффициенті.

Үңгіме және көмекші шпурлар арасындағы арақашықтық:

$$a_{B.B} = W, \text{ м.} \quad (2.36)$$

Жиектеуші шпурлардың арақашықтықтары:

- жиектеуші шпурдың қазбаның борты бөлігінде арақашықтығы:

$$a_{\text{ок.б.}} = m \cdot W, \text{ м,} \quad (2.37)$$

- жиектеуші шпурдың қазбаның табан бөлігінде арақашықтығы:

$$a_{\text{ок.поч.}} = (0,8 - 0,9) \cdot W, \text{ м,} \quad (2.38)$$

- жиектеуші шпурдың қазбаның күмбез бөлігіндегі арақашықтығы:

$$a_{\text{ок.кр.}} = (1,1 - 1,2) \cdot W, \text{ м.} \quad (2.39)$$

Бұрғылау жару жұмыстарында тік-сыналы үңгіме түрін қолдану кезінде, келесідей әдістеме арқылы жүзеге асыралады.

Кесте 2.6 – Шпурларды толтыру коэффициентін анықтауға арналған

| ЖЗ патронның диаметрі, мм | К <sub>з</sub> тау жыныстарының беріктігі коэффициентімен $f$ |           |
|---------------------------|---|-----------|
|                           | 3-9   | 10-20     |
| 24, 28                    | 0,35-0,7  | 0,75-0,85 |
| 32, 36                    | 0,3-0,6   | 0,6-0,85  |
| 40                        | 0,3-0,5   | 0,5-0,75  |

Шпурлар мөлшері СНиП III-11-77 нормативтік құжаттама арқылы анықтаймыз:

$$N = \frac{1,27qS_q}{\Delta d^2 K_3}, \quad (2.40)$$

мұндағы  $\Delta$  - шпурдағы немесе патрондағы ЖЗ тығыздығы, кг/м<sup>3</sup>;

$d$  – шпурдағы немесе патрондағы ЖЗ диаметрі, м;

$K_3$  – шпурларды толтыру коэффициенті (кесте 2.6);

$q$  – меншікті шығыны, кг/м<sup>3</sup>.

Тік-сына үңгіме ұсынылған параметрлері 2.7-кестеде келтірілген.

Үңгіме шпурлардың сағалараның арасындағы арақашықтық:

$$A_B = W \cdot m, \quad \text{м}, \quad (2.41)$$

мұндағы  $m$  - тең қабылданған зарядтар арасындағы салыстырмалы қашықтық 0,4-1,0 м.

Кесте 2.7 – Тік-сына үңгіменің ұсынылған параметрлері

| Таужыныстарының беріктік коэффициенті $f$ | Шпурлардың забой жазықтығына құлау бұрышы $\alpha$ , градус | Үңгіме шпурлар мөлшері $n_B$ |
|---|---|------------------------------|
| 7-8                                       | 62-64   | 4-6                          |
| 9-10                                      | 59-61   | 6-8                          |
| 11-13                                     | 56-58   | 6-8                          |
| 14-18                                     | 53-55   | 8-10                         |
| 19-20                                     | 50-53   | 8-12                         |

Үңгіме шпурлардың сағалараның арасындағы арақашықтық:

$$A_B = W \cdot m, \quad \text{м}, \quad (2.41)$$

мұндағы  $m$  - тең қабылданған зарядтар арасындағы салыстырмалы қашықтық 0,4-1,0 м.

Тік-сына үңгімедегі компенсациялық шпурлар саны:

$$N_o = \frac{(\eta \cdot l_{ш} / A)^3}{V_o}, \quad (2.42)$$

мұндағы  $l_{ш}$  – шпур тереңдігі, м;

$A=9,35$  - масштабтық коэффициент;

$V_o$  – бос шпур көлемі, м<sup>3</sup>,

$$V_0 = \frac{\pi \cdot d^2}{4} \cdot l_{ш}, \quad \text{м}^3. \quad (2.43)$$

Қысқа қарысу сызығы (ҚҚС):

$$W = [p/qm]^{1/2}, \text{ м}, \quad (5.44)$$

мұндағы  $p$  - 1 м шпурдың сыйымдылығы, тең:

1 м шпурдың сыйымдылығы келесі формуламен анықталады:

$$p = \frac{\pi \cdot d^2}{4} \cdot \rho_{вв}, \quad \text{кг/м}. \quad (2.45)$$

Жиектеуші шпурлардың орналасуы:

- жиектеуші шпурдың қазбаның күмбез бөлігінде арақашықтығы:

$$A_{\text{ок.кр}} = 1,0 \cdot W, \text{ м}, \quad (2.46)$$

- жиектеуші шпурдың қазбаның борты бөлігінде арақашықтығы:

$$A_{\text{ок.борт.}} = (0,8 - 0,9) \cdot W, \text{ м}, \quad (2.47)$$

- жиектеуші шпурдың қазбаның табан бөлігінде арақашықтығы:

$$A_{\text{ок.кр}} = (0,7 - 0,8) \cdot W, \text{ м}. \quad (2.48)$$

ЖЗ мөлшері:


$$Q = q \cdot S_{ч} \cdot L_{ш}, \text{ кг}. \quad (2.49)$$

Бір шпурдағы ЖЗ мөлшері:


$$Q_c = Q/N, \text{ кг}. \quad (2.49)$$

Бұрғылау жару жұмыстарының техникалық экономикалық көрсеткіштері 2.3 2.4 – суреттерде келтіріп өтілген.





2.3 - сурет – БЖЖ қолданылатын жарылғыш заттың экономикалық көрсеткіштері



2.4- сурет – Бұрғылау жару жұмыстарына жарылыс материалдарының шығындар

## 2.4 Штрек қазбасын желдету жұмыстарының параметрлерін саралау

Жерасты кеніштеріндегі атмосфералық ауаның сапасы санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес болуы үшін, оларды белгілі бір сұлба бойынша желдетудің жалпы кеніштік (бас желдеткіштің көмегімен) және жергілікті желдету қондырғылары арқылы желдету жұмыстары іске асырылады [2, 14].

Жерасты қазбаларын желдетудің төрт түрі бар: жалпы кеніштік депрессия арқылы, үрлеме, сорма және біріктірілген желдету [2, 3, 7, 8].

Үрлеме желдету әдісі таза ауаны желдеткіштен құбыр арқылы забойға жеткізіп, ластанған ауаны қазбалар арқылы сыртқа шығарады. Желдету құбырының шеті мен забой арасындағы қашықтық газды кеніштерде – 8 м, газсыз кеніштерде – 12 м аспауы тиіс.

Сорма желдету әдісі ластанған ауаны құбырлар арқылы сорып алып, забойға таза ауаның келуін қамтамасыз етеді. Алайда, ауа сору аймағы шектеулі, және құбырдың шеті забойдан  $3\sqrt{S}$ , м қашықтықта болуы тиіс ( $S$  – қазба қимасының ауданы,  $m^2$ ).

Біріктірілген әдіс айдама және сорма тәсілдерінің артықшылықтарын біріктіреді. Екі желдеткіш пайдаланылады: бірі ластанған ауаны соруға, екіншісі таза ауаны қысқа құбыр арқылы (20-30 м) забойға айдауға арналған [2, 3, 7, 8].

Техникалық нормативтік құжаттамаларға сәйкес адамдарға қажетті ауаның мөлшерін келесі формула арқылы анықтаймыз:

$$Q = q \cdot Z \cdot k = 0,1 \cdot 4 \cdot 1,5 = 0,6 \text{ м}^3/\text{с} \quad (2.50)$$

мұндағы  $q$  - 1 адамға таза ауа беру нормалық өлшемі  $0,1 \text{ м}^3/\text{с}$ ;

$Z$  - мүмкін болатын адамдар мөлшері;

$k$  – ауаның қорының коэффициенті.

Шаң бойынша мөлшері:

$$Q = \frac{J \cdot b_i}{\Pi - \Pi_{\text{вх}}} = \frac{2,2 \cdot 0,5}{2,0 - 0,6} = 0,79 \text{ м}^3/\text{с} \quad (2.51)$$

мұндағы  $J$  – бұрғылау кешінің шпурларды бұрғылау кезінде шаңды шығару қарқындылығы;

$b_i$  - сумен суару арқылы шаң шығарудың төмендеуін ескеретін коэффициент;

$\Pi$  және  $\Pi_{\text{вх}}$  - максималды рұқсат етілген концентрацияға және түсетін ағынға сәйкес шаң концентрациясы,  $\text{мг}/\text{м}^3$ .

Жарылғыш зат шығыны бойынша ауаның мөлшері келесі формула анықтауға болады:

$$Q_{\text{ВВ}} = \frac{J_{\text{ВВ}} \cdot B \cdot 100}{t \cdot C_{\text{д}}} \cdot k, \text{ м}^3 / \text{мин} \quad (2.52)$$

мұндағы  $J_{\text{ВВ}}$  – 1 кг ЖЗ жарылуы кезіндегі газдардың мөлшері,  $0,004 \text{ м}^3/\text{кг}$ ;

$V$  – бір уақытта жарылатын ЖЗ мөлшері, кг;  
 $C_d$  – шахтаның шығатын ағынындағы көміртегі тотығының шекті рұқсат етілген мөлшері ( $C_d = 0,0016\%$ );  
 $t$  – жарылыстан кейінгі қазба блогының желдету уақыты, мин.

$$Q_{BB} = \frac{0,004 \cdot 75,6 \cdot 100}{60 \cdot 0,0016} \cdot 1,5 = 472,5 \text{ м}^3 / \text{мин} = 7,88 \text{ м}^3 / \text{сек} \quad (2.53)$$

Өздігінен жүретін жабдықты пайдалану кезіндегі газды шығаруды сұйылту коэффициенті бойынша:

$$Q_3 = \frac{D_m \times N_m \times K}{60} \quad (2.54)$$

мұндағы  $D_m$  – таза ауаның 1 а.к. қозғалтқыш қуаты  $D_m = 5 \text{ м}^3/\text{мин}$ ;  
 $K$  – бір машинаның жұмысы кезінде машиналардың бір мезгілде жұмыс істеу коэффициенті  $K = 1,0$  (екі машинада  $-0,85$ ; үш машинада және одан көп  $-0,6$ );  
 $N_m$  – ІЖҚ бар машина қозғалтқышының қуаты, а.к.;

$$Q_{ст-7} = \frac{5 \times 167 \times 1}{60} = 13,9 \text{ м}^3/\text{с} \quad (2.55)$$

Ауаның жылдамдығын келесі формула көмегімен анықталынды:

$$Q_{заб} = V \cdot S = 0,25 \cdot 12 = 3 \text{ м}^3/\text{с} \quad (2.56)$$

Желдету жұмыстарына арнайы ВМ 6 қондырғысын қолданылады, ал оның техникалық өнімділігі –  $5 \text{ м}^3/\text{с}$  құрайды.

$$Q_B = Q_{заб \times \text{макс}} \times K_{ут.тр} = 13,9 \times 1,11 = 15,4 \text{ м}^3/\text{с} \quad (2.57)$$

мұндағы  $K_{ут. тр.}$  – құбырлардағы ауаның ағу коэффициенті  $1,11$  тең қабылданады.

ВМ 6м желдеткішінің сорғысына түсетін ауа мөлшері үрлемелеу үшін жұмыс істейтін ауа мөлшерін келесі формула анықтауға болады:

$$Q_{в.в.} = Q_B \times K_p = 15,4 \times 1,43 = 22,0 \text{ м}^3/\text{с}, \quad (2.58)$$

мұндағы  $K_p$  – желдеткіштің соруындағы ауаның рециркуляциясын алып тастауды есепке алатын коэффициент  $K_2 = 1,43$ .

Штрек тау-кен қазбасын өтудегі желдету жұмыстарына ВМ-6М осьтік желдеткіш түрі қабылданды. Желдету құбыры ретінде ілуге оңай березент материалынан жасалған рукова қолданылады және оның техникалық сипаттамасы 2.8 – кестеге келтірілген.

Кесте 2.8 - Желдеткіш қондырғылардың сипаттамалары

| Көрсеткіштері                             | Осытік желдеткіштер |       |       |
|---|---------------------|-------|-------|
|   | BM-4м               | BM-5м | BM-6м |
| Өнімділігі, м <sup>3</sup> /мин           | 120                 | 190   | 340   |
| Статикалық қысым, Па                      | 1300                | 2100  | 2600  |
| Желдеткіштің ПӘК-і (пайдалы әрекет коэф.) | 0,72                | 0,75  | 0,76  |
| Қозғағышының қуаты, кВт                   | -                   | 5-13  | 10-24 |
| Негізгі өлшемдері, мм                     |                     |       |       |
| Ұзындығы                                  | 740                 | 935   | 1050  |
| ені                                       | 350                 | 650   | 730   |
| Биіктігі                                  | 560                 | 670   | 750   |
| Массасы, кг                               | 105                 | 250   | 350   |

## 2.5 Қопарылған таужыныстарын тасымалдау жұмыстары зерттеу

545 м – 345 м горизонттан кен мен таужыныстарын беру Sandvik TH315, TH320 типті автосамосвалдарда көзделеді. Кен карьердегі алаңға жиналып, одан әрі ауыр жүк таситын автосамосвалдарға тиеп, байыту фабрикасына жеткізіледі. Төменгі горизонттарды ашу кезінде (265 м, 185 м) кенді горизонттар бойынша орау ВГ-4.5 вагонеткаларында, К-14 электровоздарымен және клетпен көтеру арқылы «Западный» оқпанының шахтадан жоғары ғимаратының бункеріне одан әрі автосамосвалдарға тиеу және байыту фабрикасына тасымалдау арқылы беріледі. Тау-кен өту жұмыстары және тазартпа жұмыстарынан автосамосвалдарға тиеледі және қоймаға салынған карьерге әкетіледі. 105 м көкжиектен кен мен таужыныстарын беру Sandvik TH315 типті автосамосвалдармен көзделеді.

Тау-кен массасы 185 м горизонттан жоғары орналасқан қосалқы қабатқа жеткізіледі, кендерге тиеледі, содан кейін «Батыс» оқпанына электровоздық көлікпен тасымалданады.

## 2.6 Штрек қазбасын бекіту жұмыстарын саралау

Кендер мен таужыныстарының орнықтылығы олардың беріктігіне, жарықшақты және тектоникалық бұзылуына, серицитизация дәрежесіне, хлоритизацияға және шыңдауға байланысты.

Тазарту жұмыстарының әсер ету аймағынан тыс орналасқан қазбалардың бекіту түрлерін таңдау кендер мен таужыныстардың тұрақтылық санаттары бойынша жүргізіледі.

Unwedge (Rocscience) бағдарламасы тау-кен қазбаларында таужыныстарының құлауын болжау үшін пайдаланылды. Бағдарламаның бастапқы деректеріне 4 жарықшақ жүйесі енгізілді (2.9-кесте). Қазба қимасы қабылданды-12,0 м<sup>2</sup>.

Есептеулер 2 параметр бойынша жүргізілді:

- 1) құлаудың максималды мүмкін болатын мөлшері (қуаты);
- 2) құлаудың максималды мүмкін көлемі.

Кесте 2.9 – Таужыныстарының орнықтылық категориясына байланысты бекітпе түрін таңдау

| Орнықтылық категориясы | Бекітпе түрі                         | Таужыныстарының өзара әрекеттесу сипаты   | Бекітудің қажетті түрлері  |
|------------------------|--------------------------------------|---|--|
| Өте орнықты (I)        | Бекітпесіз                           | Бекіткішке жүктеме жоқ  |  |
| Орнықты (II)           | Бекітпесіз немесе жұқа жабынды қабат | Бекітпеге жүктеме жоқ, жергілікті таужыныстарының бұзылуы мүмкін  | Тау-кен қазбасы ұзақ уақыт қызмет еткенде бүрікпелібетоннан тұратын жұқа жабынды қабатты қолдану   |
| Орташа орнықты (III)   | Беріктендіруші                       | Қазбаларды қоршап тұрған тау жыныстарын нығайту, бұзылған тау жыныстарының бірлескен жылжуын қамтамасыз ету | Бүріккішбетон. Анкерлік (штангалық) бекітпелердің әртүрлі түрлері. Аралас (анкер+ шашыратпа бетон немесе тор)  |
| Орныксыз (IV)          | Қолдайтын                            | Тау жыныстарының құлауы және бөлінуі режимінде жұмыс  | Аркалы металл. Монолитті бетон. Аралас (анкердің әртүрлі түрлері+ тор+ күшейтілген шашыратпа бетон). Ағаш.   |
| Өте орнықты (V)        | «Бекіткіш-жыныс» жүйесіндегі тірек   | Массивпен түйісетін деформация режимінде жұмыс істеу, «өзара әрекеттесу деформациясы» режимі                | Тау жыныстарын жоғары тұрақтылық санатына ауыстыру үшін арнайы қазба әдістерін қолдану қажет, яғни икемді тіректерді жетекші және сақтандырғыш бекітпелермен біріктіріп пайдалану немесе таужыныстарын тығындау қажет. |

Кесте 2.10 – Негізгі жарықшақ жүйелерінің азимуттары мен құлау бұрыштары

| № жүйесі | Құлау бұрышы, градус | Құлау азимуттары, градусы |
|----------|----------------------|---------------------------|
| №1 жүйе  | 87                   | 210                       |
| №2 жүйе  | 74                   | 290                       |
| №3 жүйе  | 10                   | 320                       |
| №4 жүйе  | 58                   | 90                        |

Бірінші есептеу азимутпен ( $0 \pm 10$ ) бағыт үшін жасалады. Жүргізілген талдау бойынша (2.5-сурет) құлаулардың мөлшері 0,2-ден 1,0 м-ге дейін болады.

Азимутпен ( $0 \pm 10^\circ$ ) тау-кен қазбаларында құлаулардың алдын алу үшін  $0,9 \times 0,9$  м тор бойынша ұзындығы 1,8 м күмбезі мен қазбаның бүйірлеріне анкер бекіткішін орнату қажет.

Жарықтар бойынша құлаудың болжамды максималды мөлшері 0,2-ден 1,0 метрге дейін болады.


Анкердің қажетті ұзындығы-1,8 м

Анкерді орнату қадамы-0,9×0,9 м



1 жарықтар жүйесі-87/210

3 жарықтар жүйесі-10/320


4 жарықтар жүйесі-58/90



FoS-0.8




FoS-1.2



FoS-1.5


2.5 – сурет – Азимутпен қазбалардағы жарықтар бойымен опырылуының (құлаудың) ықтимал аймақтары ( $0 \pm 10^\circ$ )

Штрек қазбасына түсетін қысымды Examine 2D бағдарламасының көмегімен моделдеу жұмыстары жасалынды (2.6 -сурет).



2.6 – сурет – Қазбаға түсетін қысымды модельдеу

Бекітпе құрылымдарын Бартон әдістеме арқылы есептеулер жасалынды. Тұрақтылық санатын есептеу нәтижелері бойынша қажетті бекітпенің түрі анықталады. Бекітпе түрі Q-классификациясына сәйкес 2.7-суретте көрсетілген номограмма көмегімен орындалады.



2.7 – сурет - Q-рейтингіне байланысты бекіту параметрлерінің номограммасы

Массивтің тұрақтылығын Q сапа көрсеткіші бойынша бағалау және жер асты тау-кен қазбаларын бекіту талаптары қазбаның пролеті мен массив сапасы Q арасындағы қатынасқа байланысты анықталады. Сәйкес график-номограмма 2-суретте келтірілген, онда X осінде Q индексі, ал Y осінде эквивалентті өлшем De логарифмдік масштабта көрсетілген. Қазбаның эквивалентті өлшемі қазбаның ені, диаметрі немесе биіктігін қазбаны бекіту коэффициенті ESR-ге бөлу арқылы анықталады. ESR мәні қазбаның қолданылу сипаты мен жауапкершілік деңгейіне қарай қабылданады.

Штрек қазбасы – 1,2 – 1,3;

Графиктегі сызықтармен шектелген аймақтар тау жыныстары массивін бекіту бойынша ұсыныстарды білдіреді. Қазбаның пролетін тау жыныстары массивінің сапасымен біріктіре отырып, оны бекітуге қойылатын талаптарды анықтауға болады, мұндағы:

*Штрек үшін жүйелі анкерлеу (торкрет 4-10см).*

Осы классификация бойынша қажет бекітудің түріне қойылатын талаптар ұсынымды сипатқа ие. Қолданылатын бекіту түріне байланысты, кәсіпорында жүктемені көтеру қабілеті мен сенімділігі жағынан ұқсас болатын өз бекіту түрлері белгіленеді.

*Қабылданған бекітпенің құрылымын есептеу.*

Анкерлердің ұзындығы қазбаның ені **B** және қазбаның пайдалану уақыты *ESR* мәніне байланысты анықталады.

$$L = \frac{2 + 0.15B}{ESR} \quad (2.59)$$

Торкрет қабатының қалыңдығы номограмма бойынша анықталады. Тау жыныстары массивінің санатына байланысты торкреттің қалыңдығы және оны арматурамен күшейту қажеттілігі белгіленеді.

Бекітпеге қысым, кПа:

$$P = \frac{200\sqrt{Jn} \cdot \sqrt[3]{Q}}{3Jr} \quad (2.60)$$

Жыныс ашылымының ең үлкен тұрақты пролеті  $l_{\max}$  келесі формуламен анықталады:

$$l_{\max} = 2ESR \cdot Q^{0.4} \quad (2.61)$$

Тау жыныстары массивінің тұрақтылығын Q-Бартон классификациясы бойынша бағалау, анкерлердің ұзындығы мен бекітудің қадамының анықталуы (2.11 -кесте). Есептеулер нәтижесінде бекітпе құрылымының келесідей түрі анықталды. Ол: комбинациялық бекітпе яғни, бүрікпобетон, тор және анкер арқылы сипаталады. Осы бекітпе құрылымының сұлбасы 2.8 – суретте келтіріп өтілген.




Кесте 2.11 – Q-Бартон классификациясы бойынша есептелінген көрсеткіштер

| Көрсеткіш                                 |       | Өлшемі |
|---|-------|--------|
| Таужынысының сапасының көрсеткіші         | RQD   | 61     |
| жарықшақ жүйелерінің санының көрсеткіші   | $J_n$ | 0,9    |
| жарықтардың кедір бұдырлығының көрсеткіші | $J_r$ | 1,5    |
| жарықтардың өзгергіштік көрсеткіші        | $J_a$ | 1      |
| жарықтардың әлсіреу көрсеткіші            | $J_w$ | 0,66   |
| кернеудің төмендеу көрсеткіші             | SRF   | 1      |

Кесте 2.12 – Қазбаның таужыныстары массивінің құрылымдық көрсеткіштері

|                           | жеке қазбалар үшін | қазба сағалары үшін | қиылыстар үшін |
|---------------------------|--------------------|---------------------|----------------|
| Q =                       | 5,3                | 3,7                 | ,,1            |
| Орнықтылық категориясы    | орнықты            | орнықсыз            | орнықсыз       |
| Ұсынылатын анкер ұзындығы | 1,8                | м                   | 2,4            |
| Ұсынылатын бекітпе қадамы | 0,9                | м                   | 0,75           |



2.8 – Сурет – Бекітпе құрылымдары

## 2.7 Ақжал кенішіндегі сутөкпе жұмыстарын зерттеу

265 м горизонтында орналасқан басты су шығару кешенінде жобамен өнімділігі 180 м<sup>3</sup>/сағ және су көтеру биіктігі 600 м болатын ЦНСА 180-600 маркалы сорғылар орнатылады.

Шахталық жер бетіне 209 мм диаметрлі екі тұрба арқылы шығарылып отырады (біреуі жұмысқа, екіншісі резервке арналған). Тұрбалар «Батыс» оқпаны арқылы шығарылады.

185 м горизонтындағы сорғы камерасында әрқайсысының өнімділігі 180 м<sup>3</sup>/сағ және су көтеру биіктігі 128 м болатын үш дана ЦНС 180-128 маркалы сорғылар орнатылады.

125 м горизонтындағы учаскелік сорғы станциясы өнімділігі 105 м<sup>3</sup>/сағ және су көтеру биіктігі 147 м болатын ЦНСА 105-147 маркалы сорғылармен жабдықталады. Су 185 м горизонтына айдалады.

185 м және 265 м горизонттарындағы су шығару қондырғыларының сипаттамалары 2.10 және 2.13-кестелерінде көрсетілген.

Кесте 2.13 - 185 м горизонтта орналасқан сутөкпе қондырғысының сипатамасы

| Көрсеткіштер атауы        | Өлшем бірлігі       | Сутөкпе қондырғысы               |
|---------------------------|---------------------|----------------------------------|
| Орнату мақсаты            |                     | Шахта суын 265 м көкжиекке айдау |
| Су келімі                 | м <sup>3</sup> /сағ | 66                               |
| Насостық агрегаттың түрі: |                     | ЦНСА 180-600                     |
| - өнімділігі              | м <sup>3</sup> /сағ | 180                              |
| - қысым                   | м. су. ст.          | 600                              |
| Электроқозғалтқыш түрі:   |                     | -                                |
| - қуаты                   | кВт                 | 500                              |
| - айналым саны            | ай. /мин            | 2950                             |
| - кернеу                  | В                   | -                                |
| Насос саны                | дана                | 3                                |
| Жұмыс кезінде насос саны  | дана                | 1                                |
| Сукұбырының диаметрі      | мм                  | 150                              |
| Сукұбырының саны          | дана                | 2                                |

## 2.8 Штрек қазбасының өту жұмыстарының циклдық графигін есептеу және құрау

Ақжал кенішінің шарттарында өтетін жерасты тау-кен қазбаларын өту жұмыстарын ұйымдастыру барысын өте жоғары технико-экономикалық көрсеткіштерін жетуде қазбаны өтудің циклдық графигін жасау маңызды болып табылады. Осы жұмыстарды жасау барысында жоғары мамандырылған

мамандырылған мамандар қажет, яғни оларды үздіксіз оқыту қажет және жоғары оқу орныларынан мамандарды тарту қажет. Бұдан басқа, материалдық-техникалық қажеттілікті тұрақты қамтамасыз ету керек, осылар арқылы қазба өту жұмыстарын жетілдіруге болады.

Тау-кен қазбасын өту жұмыстарын циклі дегеніміз – кенжарды жоспарға сәйкес бір өлшемде алға жылжыту процесіне кететін жалпы уақыт қосынды, олар негізгі және қосымша жұмыстар жиынтығын айтамыз. Барлық жұмыстар, белгілі бір реттелген кезекпен орындалуы қажет.

Жүргізілетін жерасты тау-кен қазбасын бұрғылау-жару жұмыстарының көмегімен өту барысында келесідей жұмыстары кіреді:

- шпурларды бұрғылау ( $t_{бур}$ ); оқтау және жару ( $t_{o.a.}$ );
- қазбаны желдету жұмыстары ( $t_{ж}$ );
- қазба забойын тексеру жұмыстары, яғни қауіпсіз шарттарға сәйкестендіру ( $t_{т}$ );
- бекіту жұмыстары ( $t_{б}$ );
- қопарылған тау-кен массасын тиеп-тасымалдау жұмыстары ( $t_{тас}$ );
- барлық қалған қосымша жұмыстар кешені, яғни, суағар арықтарын жасау, желдету қолшасын ұзарту, электр ток көзін ұзарту, сығылған ауа құбырын жеткізу және т.б. қосымша жұмыстар деп айтамыз ( $t_{к}$ ).

Тау-кен қазбасын өту жұмыстарының бір цикліндегі жұмыстарды орындауға кететін уақыттар жиынтығы келесі формула көмегімен анықталады:

$$T_{ц} = t_{бур} + t_{ок} + t_{жел} + t_{масу} + t_{к.ж} + t_{бек} + t_{көм}, \text{ сағ}, \quad (2.63)$$

мұндағы  $t_{бур}$  – шпурларды бұрғылау ұзақтығы сағ;

$t_{ок}$  – шпурларды оқтау ұзақтығы, сағ;

$t_{жел}$  – забойды желдетуге кететін уақыт, ( $t_{жел} = 0,4 \div 0,5$  сағ);

$t_{масу}$  – қопарылған тау жыныстарын тиеп-тасымалдау ұзақтығы, сағ;

$t_{к.ж}$  – забойды қауіпсіз шарттарға кететін уақыт, сағат;

$t_{бек}$  – бекіту жұмыстарының ұзақтығы, сағ;

$t_{көм}$  – көмекші (қосымша) жұмыстарды орындау ұзақтығы ( $t_{көм} = 0,5 \div 1,0$  сағ);

$l_{ц}$  – бір циклде забойдың алға жылжу арақашықтығы, м ;

$\eta$  – шпурларды пайдалану коэффициенті.

Қазба өту жұмыстарының кейбір жекелей операциялар орындауға кететін уақыт мөлшері арнайы анықтамалық нұқсамалардан алынды, мысалы, «Тау-кен қазбаларын жүргізу жұмыстарының бірыңғай нормасы және уақыты» анықтамадан керекті нормативтік мөлшер алынды.

*Шпурларды бұрғылау уақыты:*

$$t_{бур} = \frac{N \cdot H_{бур}}{10 \cdot \phi \cdot n_{б.м}}, \text{ сағ}, \quad (2.64)$$

мұндағы  $H_{\text{бур}}$  – 10м шпурды бұрғылауға жұмсалатын уақыт нормасы, адам – сағат;

$\phi$  – стандартты бұрғылау жағдайынан ауытқуын ескеретін коэффициент, ( $\phi = X \cdot \varepsilon \cdot a$ , мұндағы  $X = 0,7 \div 1,0$  – бұрғыбастың (коронка) түрін ескеретін коэффициент;

$\varepsilon = 0,9 \div 1,5$  – бұрғыбастың диаметрін ескеретін коэффициент;

$a = 0,9 \div 1,0$  – шпурлардың бұрғылау бұрышын ескеретін коэффициент);

$n_{\text{б.м}}$  – бұрғылау машиналарының саны.

$$t_{\text{бур}} = \frac{45 \cdot 1,15}{10 \cdot 1,0 \cdot 2} = 2,58 \text{ сағ} = 154,8 \text{ мин}; \quad (2.65)$$

*Шпурларды оқтау жұмыстарының ұзақтығы* келесі формула көмегімен анықталады:

$$t_{\text{ок}} = \frac{t'_{\text{ок}} \cdot N}{n_{\text{ок}}}, \text{ сағ}, \quad (2.66)$$

мұндағы  $t'_{\text{ок}}$  – бір шпурды оқтауға ұзақтығы, с ( $t'_{\text{ок}} = 0,05$  сағ – шпурды қолмен оқтағанда,  $t'_{\text{ок}} = 0,03$  сағ – шпур механикалық әдіспен оқталғанда);

$N$  – кенжарда орналысатын шпурлардың мөлшері;

$n_{\text{ок}}$  – шпурларды оқтаумен айналысатын жұмыскерлер саны.

$$t_{\text{ок}} = \frac{0,04 \cdot 45}{2} \approx 0,9 \text{ сағ} = 54 \text{ мин.}$$

Жарылыстан кейінгі забой аймағын желдету ұзақтығы,  $t_{\text{жел}} = 0,5$  сағат = 30 мин;

Жарылыс нәтижесіндегі қопарылған таужыныстарын *тиеп-тасып жинау* ұзақтығын келесі формула арқылы анықталынады:

$$t_{\text{тасу}} = S_{\text{ж}} \cdot H_{\text{ж}}, \text{ с}, \quad (2.67)$$

мұндағы  $S_{\text{ж}}$  – қазбаны өту кезіндегі ауданы, м<sup>2</sup>;

$H_{\text{ж}}$  – қолданылатын механизммен таужыныстарын тиеу жұмыстарының ұзақтығы, адам сағат. ( $0,15 \div 0,3$  сағат).

$$t_{\text{тасу}} = 12,0 \cdot 0,15 = 2,0 \text{ сағ} \approx 120 \text{ мин.}$$

*Забойды аймағын қауіпсіз шарттарға келтіруге* кететін уақыт мөлшері,  $t_{\text{к.ж}} = 0,5$  сағат = 30 мин.

Келесі ретте, құрамды бекітпені орнату жұмыстарына кететін уақыт мөлшерін есептейміз. Бірінші ретте, *анкер бекітпесін орнату* жұмыстарының ұзақтығын анықтаймыз.

Бір циклде 2 қатар, яғни 10 анкер орнатылатынын ескерсек, ҚНЖЕ нормативтік құжаттамасы мен Н.Бартон классификацияларына сәйкес таужыныстарының орташа орнықтылығы үшін әрбір анкерді орнату ұзақтығы (1,5 м тереңдікке дейінгі анкер шпурларын бұрғылау уақытын қоса есептегенде) 10-13 мин, осыдан 10 анкерді орнату ұзақтығы келесідей формула арқылы

$$t_{\text{анкер бек}} = 10 \text{ мин} \times 10 = 100 \text{ мин} = 1,67 \text{ сағ.}$$

Бүрікпебетон бекітпесін орнату жұмыстарының ұзақтығын келесі ретте есептеу жұмыстарын жасаймыз. Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде, бізге белгілі болған бүрікпебетон бекітпесін қазба кеңістегіне орнату жұмыстарына кететін уақыт мөлшерін келесі формула көмегімен анықтаймыз:

$$t_{\text{бек}} = \frac{S \cdot \delta \cdot K_{\text{ж}}}{Q} \times (t_{\text{коэф}}) = \frac{33,9 \cdot 0,07 \cdot 1,2}{2} \times (1,3) = 1,85 \text{ сағ} = 111 \text{ мин}; \quad (2.68)$$

мұндағы  $S$  - бекітілетін аудан,  $\text{м}^2$ ;

$$S = P_1 \cdot L = 13,1 \cdot 2,59 = 33,9 \text{ м}^2. \quad (2.69)$$

мұндағы  $P_1$  - қазбаның бекітілетін периметрі (табаны жағын есептемегендегі),  $P_1 = 13,1 \text{ м}$ ;

$L$  - бір циклдегі қазбаның алға жылжуы мөлшері,  $L = 2,59 \text{ м}$ ;

$\delta$  - бекітпе есептік мөлшері,  $\delta = 0,05 \text{ м}$ ;

$K_{\text{ж}}$  - бүрікпебетон бекітпесінің мүмкін жоғалым коэффициенті,  $K_{\text{ж}} = 1,2$ ;

$t_{\text{коэф}}$  - қоспаларды дайындау және бетон машинасының тоқтауын ескеретін коэффициент,  $t_{\text{коэф}} = 1,2 \div 1,4$ .

Көмекші (қосымша) операцияларды орындау уақыты (керекті коммуникацияларды тарту, яғни, желдету құбыры, электр ток көзі, сығылған ауа құбырын және т.б. жұмыстар)  $t_{\text{көм}} = 0,5 \text{ сағат} = 30 \text{ мин}$ .

Жоғарыда есептелінген операцияларды орындау жұмыстарының циклінің жалпы кететін уақыт мөлшері (мин):

$$T_{\text{ц}} = t_{\text{бұр}} + t_{\text{оқ}} + t_{\text{жел}} + t_{\text{масу}} + t_{\text{қ.ж}} + t_{\text{анкер бек}} + t_{\text{бүрікпе}} + t_{\text{көм}} = \\ = 154,8 + 54 + 30 + 120 + 30 + 100 + 111 + 30 = 629,8 \text{ мин} \approx 10,5 \text{ сағат.}$$

Қазба өту жұмыстары кезінде кейбір операцияларды қатар орындалатын бекіту мен шпурларды бұрғылау жұмыстары ескерсек, 10,5 сағат мөлшерінен алсақ жобамен жұмыс циклінің ұзақтығы  $T_{\text{ц}} = 8 \text{ сағатты}$  құрайды (2.9-сурет).

| № | Операциялар                    | Қазба жүргізушілердің саны | Операцияның ұзақтығы, сағ | І-ауысым |   |   |    |    |    |    |    |    |  |  |   |  |
|---|--------------------------------|----------------------------|---------------------------|----------|---|---|----|----|----|----|----|----|--|--|---|--|
|   |                                |                            |                           | 7        | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 |  |  |   |  |
| 1 | Қазбаны қауіпсіз күйге келтіру | 2                          | 0,5                       | █        |   |   |    |    |    |    |    |    |  |  |   |  |
| 2 | Таужыныстарын жинау            | 2                          | 2                         |          | █ |   |    |    |    |    |    |    |  |  |   |  |
| 3 | Бұрғылау                       | 2                          | 2,58                      |          |   | █ |    |    |    |    |    |    |  |  |   |  |
| 4 | Бекітпелеу                     | 2                          | 3,52                      |          |   |   | █  |    |    |    |    |    |  |  |   |  |
|   | Көмекші жұмыстар               | 2                          | 0,5                       |          |   |   |    |    |    | █  |    |    |  |  |   |  |
| 6 | Оқтау және аттыру жұмыстары    | 2                          | 0,9                       |          |   |   |    |    |    |    |    | █  |  |  |   |  |
| 7 | Желдету                        | -                          | 0,5                       |          |   |   |    |    |    |    |    |    |  |  | █ |  |

2.9– сурет – Штрек қазбасын өтудегі циклограммалық сұлбасы

Жерасты тау-кен қазбасын салу жұмыстарының жоспарлау жұмыстарын қарастыратын болсақ, атап айтқанда қазбаның бір циклда алға жылжуы мөлшері  $l_y = 2,59$  болса, қазба өту жұмыстарын барынша жылдам әрі сапалы жасау мақсатында, 3 ауысымдық жүйе арқылы қазба өту жұмыстарын ұйымдастырамыз. Жоспардағы, өтетін 400 м тау-кен қазбасын үш ауысымды арқылы жасайтын болсақ келесі формула көмегімен оның мерзімді салу уақыт анықтауға болады:


$$T_{\text{қаз салу мерзім}} = \frac{400}{l_y \times 3}, \text{ тәулік.} \quad (2.70)$$

$$T_{\text{қаз салу мерзім}} = \frac{400}{2,59 \times 3} = 52 \text{ тәулік.}$$

Анықталынған, нәтижеге сәйкес жобамен өту жұмыстары 52 тәулікті құрады, бірақ еңбек демалысы, мейрам күндерін, техникалардың бұзылу факторлары және т.б. ескеретін болсақ 60 тәулікте, яғни 2 ай аралығында қазба өту жұмыстарын жасауға болады.

Сонымен қоса, біз қолданған жетілдірілген технологияның көмегімен 400 м болатын қазбаны 2 ай аралығын құрадсы. Бұл өз кезегінде, дәстүрлі технологияларды қолдануға қарағанда өзінің 17,2 %- ға жоғары көрсеткішті

көрсетті, яғни 72 тәулікті (2,4 ай) құрайтынын көреміз, ал екі әдісті салыстыру графиктері 2.10– суретте келтіріп өтілген.



2.10 - сурет – Қазба өту жұмыстарының нәтижелері

## 2.9 Екінші бөлім бойынша қорытынды

Екінші бөлімде Ақжал кен орнындағы +300 м горизонты деңгейінде орналасқан «Штрек» тау-кен қазбасын жүргізу технологиясы жан-жақты зерттелді. Аталған зерттеу шеңберінде қазіргі таңда қолданыстағы қазба жүргізу тәсілдерінің ерекшеліктеріне талдау жасалып, олардың тиімділігін арттыру жолдары қарастырылды.

Зерттеу барысында көлденең қимасының ауданы 12 м<sup>2</sup> болатын «Штрек» қазбасын жүргізуге арналған бұрғылау-жару жұмыстарының (БЖЖ) технологиялық параметрлері оңтайландырылды. Атап айтқанда, БЖЖ тиімділігін арттыруға ықпал ететін негізгі факторлар кешенді түрде зерделенді. Оларға: жарылғыш заттардың физика-механикалық қасиеттері, қолданылатын жару әдістері, шпурлардың тереңдігі, таужыныстарының физико-механикалық сипаттамалары, сондай-ақ тығындау материалдарының түрлері мен сапалық көрсеткіштері жатады.

Зерттеу нәтижесінде бұрғылау-жару жұмыстарының паспорты есептік әдістер арқылы жасақталып, өндірістік жағдайларда сынақтар арқылы тексерілді. Сынақ нәтижелері бойынша бұрғылау жұмыстарындағы шпурларды пайдалану коэффициентін 0,85-тен 0,95-ке дейін арттыруға

мүмкіндік туды. Бұл өз кезегінде тау жыныстарының біркелкі қопарылуын қамтамасыз етіп, қазбаның жобалық контурларына дәл сәйкестігін көрсетті.

Сонымен қатар, қазба жүргізудегі технологиялық операциялар — қазбаны бекіту, желдету жүйесін ұйымдастыру, қопарылған жыныстарды тиеу және тасымалдау жұмыстары да зерттелінді.

Қорытындылай келе, жүргізілген зерттеулер негізінде бұрғылау-жару жұмыстарының оңтайландырылған паспорты жасақталып, қазба жүргізу жұмыстарының толық циклограммасы құрылды. Бұл әдістемелік шешімдер өндірістік тиімділікті арттырып, тау-кен қазбаларының қауіпсіз әрі үнемді жүргізілуіне негіз қалады.



### 3 Қазба өту жұмыстарының технико-экономикалық көрсеткіштерін есептеу

Қазба өту жұмыстарын барынша сапалы, әрі жылдам жасалуы ол негізінен қазба өту жұмыстарының технико-экономикалық көрсеткіштеріне тікелей байланысты болып саналады. Мұндағы, қазба өтуге қажетті жоғары білікті мамандарға айлықтары, қажетті машина-механизмдер сатып алу немесе оның күтіп ұстау шығыны, материалдар шығыны және т.б. шығындар кешені арқылы есептеулер жүргізіліп, сметалық құжаттама жасалынады.

Сметалық құжаттар - жобаның құрамды бөлігі, сметалардың жасалуы, құрамын, мазмұнын, бекітуімен келістіруін қазіргі нұсқаулармен жасалады. Смета жаңа құрылыстарға, кәсіпорындарды қалпына келтіруге керекті шығындарды ақшалай түрде көрсететін құжат болып саналады.

Сметалық бағаны бірлік бағалар бойынша орындаймыз. Алдын-ала тікелей забойлық шығындарды анықтаймыз ( $C_n$ ), ол забой жұмысшыларының еңбек ақысынан ( $C_3$ ), жұмсалатын материалдардың құнынан ( $C_m$ ), энергия шығындарынан ( $C_{эн}$ ), қазба өту жабдықтарының амортизациясынан ( $C_a$ ) құрылады [12].

$$C_n = C_3 + C_m + C_{эн} + C_a, \text{ теңге} \quad (3.1)$$

#### 3.1 Штрек қазбасын өту жұмыстарындағы жұмыскерлердің жалақы шығындарын анықтау

Қазба өту жұмыстарына жұмылдырылған жұмысшылар санын есептейміз. (келісімді және тізімді). Уақыт бойынша ақы төленетін жұмысшылардың келу саны - қызмет түрі мен мөлшеріне, жұмыс көлеміне және жұмыстарды орындаудағы ауысым санына байланысты анықталады.

Бұрғылап-жару жұмыстарының параметрлері ескеріліп, зерттеу нысыны бойынша анықталған цикл ұзақтығы 8 сағат, шпур тереңдігі 3,2 м, циклдегі қазбаны өту мөлшері орташа есеппен 2,98 м, бұл бір тәуліктегі үш ауысымында қазбаны 1 метр өтуге болатын есептік мәліметті береді. Осы есептік мәліметке қарай қазбаны 1 метр өтуге кететін еңбекақы шығыны анықталады. Ол төмендегі 3.1-кестеде келтірілді (бағалар мен мәліметтер 2024 жылғы өндірістік мәліметтерден алынды [12]). Еңбек ақы кешенді түрдегі бригадаға есептеледі. Тарифтік ставка негізінде, бір метрге жұмысшы күшінің бағасы есептеледі, қосымша еңбек ақы – 25 % және әлеуметтік сақтандыруға – 9,8 %.

Бір циклдегі қазбаның жылжуы 2,59 м болғандағы еңбек шығыны анықталды, енді осыдан 1 м қазбаны өтуге кететін еңбек ақы шығынын есептейміз:

$$C_3 = \frac{85200}{2,59} = 32\,895 \text{ тг.} \quad (3.2)$$

Осыдан жоспар бойынша 400 м болатын штрек қазбасының жобалық барлық ұзындығын өтуге кететін еңбек ақы шығынын анықтаймыз:

$$400 \times 32\,895 = 13\,158\,301 \text{ тг.} \quad (3.3)$$

Кесте 3.1 - Еңбек ақы шығынын есептеу кестесі

| Біліктілігі                    | Разряд | Тариф, тг/сағ | Бір уақытта жұмыс істейтіндер саны | Циклге сумма, тг |
|--------------------------------|--------|---------------|------------------------------------|------------------|
| Ұңғылаушы                      | 5      | 1250          | 2                                  | 20000            |
| Мастер                         | 5      | 1400          | 1                                  | 11200            |
| Оқтаушы (жарушы)               | 5      | 1100          | 1                                  | 8800             |
| Тиеуші машинисті               | 5      | 1250          | 1                                  | 10000            |
| Тасымалдау көлігінің жеткізуші | 5      | 1100          | 1                                  | 8800             |
| Бекітуші                       | 5      | 1100          | 2                                  | 17600            |
| Жерасты жұмыскері              | 4      | 1100          | 1                                  | 8800             |
| Барлығы                        |        |               | 9                                  | 85 200 тг        |

### 3.2 Өту жұмыстарына қолданылатын материалдар шығындарын есептеу

Қазбаны өтудегі қажетті жабдықтар мен материалдар тобына бұрғылау штангалары, бұрғыбастары, желдету құбырлары, бекітпелеу материалдары, кабелдер, жарықтандыру материалдары т.б. қажетті материалдар жатады.

Оларды сатып алу шешімдері салынатын қазбадағы таужыныстарының қасиеттеріне, құрылыстың салыну мерзіміне байланысты қабылданады.

Олардың шығыны әрбір жекеленген материалдардың өзіндік құнымен анықталады (3.2 -кесте).

Кестеде бір циклдегі салынған 2,98 м қазбаға кеткен материалдар шығыны анықталып көрсетілген.

Кесте 3.2 - Материалдар шығынын есептеу кестесі

| Материалдар   | Мөлшері | Жеке бағасы, тг | Циклдық шығыны, тг |
|---|---------|-----------------|--------------------|
| Штанга, кг  | 6,8     | 1100            | 7480               |
| Бұрғыбас, дана  | 3       | 3500            | 10500              |
| Жарылғыш зат, кг                                      | 72      | 2500            | 180000             |
| Электро детонаторлар, дана                            | 45      | 45              | 2 025              |
| Бүрікпобетон, м <sup>3</sup>                          | 1,11    | 8500            | 9 435              |
| Анкерлер, дана  | 10      | 4 900           | 49000              |
| Желдету рукавасы, м                                   | 2,3     | 700             | 1610               |
| Қосындысы:  |         |                 | 260 050тг          |
| Ескерілмеген материалдар -10%                         |         |                 | 26 005 тг          |
| Қосындысы:  |         |                 | 286 055тг          |
| Қосымша тиеу-камераны бетондауға жұмсалған шығын - 5% |         |                 | 14 302,75 тг       |
| Барлығы:  |         |                 | 300 357,75 тг      |

Осыдан 1 м қазбаны өтуге кететін материалдар шығыны мынадай болады:

$$C_m = 300 \cdot 357,75 / 2,56 = 117 \cdot 327 \text{ тг.}$$

400 м штрек қазбасын өтуге кететін материалдар шығыны:

$$400 \times 117 \cdot 327 = 46 \cdot 930 \cdot 800 \text{ тг.}$$

Материалдар шығынын есептеу 3.2-кестеде келтірілді.

### 3.3 Қазба өту жұмыстарындағы энергия шығындарын есептеу жолдары

Жалпы энергия шығыны қолданылатын жабдықтарға байланысты анықталады (3.3-кесте). Олар бізде: электр ток көзінің қолдану мөлшері әр жабдықтардың технико-экономикалық өлшемдеріне сай қабылданып алынады.

Кесте 3.3 - Энергия шығындарын есептеу кестесі

| Энергия тұтынушы                      | Энергия бағасы, тг | Энергия түрі | Қолд. қуаты        | Жұмыс ұзақтығы, сағ. | Шығыны | Циклдегі сумма, тг      |
|---------------------------------------|--------------------|--------------|--------------------|----------------------|--------|-------------------------|
| «Мономатик» бұрғылау машинасы         | 35,00              | Электр       | 45кВт              | 3                    | 15     | 4275                    |
| ЗП-2 оқтау машинасы                   | 8,00               | Сығ.ауа      | 30 м <sup>3</sup>  | 1                    | 30     | 240                     |
| БМ-60 Бетон машинасы                  | 8,00               | Сығ.ауа      | 260 м <sup>3</sup> | 1,8                  | 234    | 1872                    |
| Электр шамдары                        | 17,00              | Электр       | 10 кВт             | 10                   | 100    | 1700                    |
| ВМ-6м желдету қондырғысы              | 17,00              | Электр       | 20 кВт             | 10                   | 200    | 3400                    |
| ТОРО-301Д тиеу маш.                   | 85,00              | Дизель       | 20л/сағ            | 3                    | 60     | 5100                    |
| Паус-8000 тасымалдау машинасы         | 85                 | Дизель       | 20л/сағ            | 3                    | 60     | 5100                    |
| Анкерлерді орнатуға арналған машинасы | 85                 | Дизель       | 15л/сағ            | 2                    | 30     | 2550                    |
| Байкаль сорабы                        | 25,00              | Электр       | 10кВт              | 0,5                  | 5      | 125                     |
| Қосындысы                             |                    |              |                    |                      |        | 22180,0тг               |
| Ескерілмеген 10% Барлығы:             |                    |              |                    |                      |        | 2 436,2 тг<br>26 798,2т |

Бір циклдегі штрек қазбасын өтуге кететін энергия шығынын анықтап болған соң, 1 м қазба өтуге кететін энергия шығыны мынадай болады:

$$C_{эн} = \frac{26798,2}{2,59} = 10 \cdot 346,8 \text{ тг.} \quad (3.4)$$

Осыдан 400 м қазбаны өтуге кететін энергия шығыны:

$$400\text{м} \times 10\,346,8 = 4\,138\,718 \text{ тг.} \quad (3.5)$$

### 3.4 Қазба өту барысындағы амортизациялық шығындарды есептеу жолдары

Кеніштің құрылысына кететін күрделі жұмсалымдарды жалпы есептеуді құрау негізінде анықтаймыз.

Олар жұмыстың келесі түрлерін орындауы қажет:

- 1) жөндеу;
- 2) жабдықтарды сатып алу;
- 3) басқа да күрделі жұмыстар мен шығындар.

Тау-кен жұмыстарына жұмсалатын күрделі шығындар смета бойынша анықталады.

Барлық жабдықтардың амортизациялық шығындарды есептеу төмендегі 4.4-кесте бойынша есептеліп анықталды.

3.4-кестеде 1 м штректі өтуге келетін жабдықтардың амортизациялық шығындары анықталды. Ол  $C_a=2203,0 \text{ тг}$  құрады.

Осыдан жоспарланған 400 м штрек қазбасын өтудегі амортизациялық шығындарды анықтаймыз:

$$C_a=400 \times 2203,0 \text{ тг} = 881\,200 \text{ тг.}$$

Кесте 3.4 -Амортизациялық шығындарды есептеу кестесі

| Жабдықтардың аттары                        | Саны, шт | Бағасы, тг | Бір жылдық шығын (350 тәулік) нормасы, 20%, тг | Бір ауысымға келетін шығын, тг | 1м қазбаға келетін шығын, тг |
|--|----------|------------|--|--------------------------------|------------------------------|
| «Мономатик» бұрғы қондырғысы               | 1        | 2 500 000  | 500 000  | $500000/700=$<br>$=715$        | 311                          |
| ТОРО-301Д тиеу машинасы                    | 1        | 5 000 000  | 1 000 000                                      | $1000000/700=$<br>$=1430$      | 622                          |
| Паус-8000 тасымалдау машинасы              |          | 5 000 000  | 1 000 000                                      | $1000000/700=$<br>$=1430$      | 622                          |
| БМ-60 Бетон машинасы                       |          | 1 000 000  | 200 000  | 286                            | 124                          |
| Анкерлерді орнатуға арналған ЖБАК машинасы | 1        | 1 000 000  | 200 000  | 286                            | 124                          |
| ВМ-5 желдету қондырғысы                    | 1        | 1 000 000  | 200 000  | 286                            | 124                          |
| Оқтау машинасы                             |          | 350 000    | 70 000   | 100                            | 44                           |
| Байкаль насосы (сорғы)                     | 1        | 250 000    | 50 000   |                                | 31                           |
| Қосындысы                                  |          |            | 316482,0тг                                     |                                | 2002,0                       |
| Ескерілмеген материалдар 10 %              |          |            | 31648,2тг                                      |                                | 201,0                        |
| Барлығы:                                   |          |            | 348130,2 тг                                    |                                | 2203,0 тг                    |

### 3.5 Қазба өту жұмыстарына жұмсалатын жалпы шығындарды анықтау

Диссертацияның зерттеу жұмыстары бойынша 1 м штрек тау-кен қазбасын өтуге кететін жалпы шығынды есептеу реті төмендегі 3.5-кесте кестеде келтірілді.

Кесте 3.5 - 1 м штрек қазбасын өтудің өзіндік забоймаңдық құны

| Шығындар түрі           | Көрсеткіштері, тг |
|-------------------------|-------------------|
| Еңбек ақы шығыны        | 32 895            |
| Энергия шығыны          | 10 346,8          |
| Материалдар шығыны      | 117 327           |
| Аммортизациялық шығын   | 2203,0            |
| <i>Барлық қосындысы</i> | <i>83 387.5тг</i> |

Бір метр штрек қазбасын өтудің құны:

$$C_n = C_z + C_{эн} + C_m + C_a = 32\,895 + 10\,346,8 + 117\,327 + 2203,0 = 162\,771,8 \text{ тг.}$$

1 м штрек қазбасын өтуге жұмсалатын жалпы шығын мөлшері 162 771,8 тг құрады, осыдан 400 м қазбаның барлық ұзындығын өтуге кететін жалпы шығынды есептейміз:

$$C = 400 \times 162\,771,8 \text{ тг} = 65\,108\,720 \text{ тг.}$$


Зерттеу жұмысымызда ұзындығы 400 м, өтудегі ауданы 12,0 м<sup>2</sup> болатын штрек қазбасына 65 108 720 тг жұмсалатындығы есептеліп анықталды. Жетілдірілен технология 23,4 % жоғары екенін ескере отырып 400 м штрек қазбасына жұмсалатын барлық шығынды есептейміз:

$$C = 400 \times 200\,860,4 = 80\,344\,160 \text{ тг құрады.}$$

Кесте 3.6 - Экономикалық тұрғыдан қазба өтудің дәстүрлі және жетілдірілген әдістерін қолданудағы қазбаны өтуге жұмсалатын шығындарды салыстырмалы түрде талдау нәтижелері

| Қазбаны өту әдістері          | 1 м қазбаны өту құны, теңге | Қазбаны өтуге жұмсалатын барлық шығындар, теңге |
|-------------------------------|-----------------------------|---|
| Жетілдірілген қазба өту әдісі | 162 771,8 тг                | 65 108 720                                      |
| Дәстүрлі қазба өту әдісі      | 200 860,4 тг                | 80 344 160                                      |

Экономикалық тұрғыдан талдау және зерттеу нәтижелері 3.6-кестеде және 3.1-суретте келтірілді.



3.1-сурет - Қазба өту жұмыстарының технико-экономикалық көрсеткіштерін салыстыру

## **4 «Ақжал» кенішінің еңбекті қорғау және қауіпсіздік ережелерін зерттеу**

### **4.1 Ғимараттар мен құрылыстарды жерасты қазбаларының зиянды әсерінен қорғау шаралары**

